



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ  
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY OF ARTS

ҚАЗАҚСТАН. ӨНЕР. ТҰЛФА



# ӘКІМ ТАРАЗУ AKIM TARAZI

БИБЛИОГРАФИЯ / BIBLIOGRAPHIC

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТИ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ  
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY OF ARTS

 ҚАЗАҚСТАН. ӨНЕР. ТҰЛҒА

ӘКІМ ТАРАЗУ  
(ӘШІМОВ ӘКІМ ҮРТАҰҒЫ)  
Биобиблиография

AKIM TARAZI  
Bibliographic

Нұр-Сұлтан 2019

**ОӘЖ 01:7.07**

**КБЖ 91.9:85**

**Ә**

*Қазақ ұлттық өнер университетінің  
Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Рецензенттер:

**Д. Қамзабекұлы** – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

**Н.Р. Мукушева** – кинотанушы, өнертану кандидаты, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры

Жауапты редакторы: **Ғ.Т. Исахан**

Құрастырушылар: **Ғ.Т. Исахан, Ғ.Б. Исақанова**

Ағылшын тіліне аударған: **Бейбарыс Бейбітұлы**

**Әкім ТАРАЗИ: БИОБИБЛИОГРАФИЯ** / Ғ.Т. Исахан, Ғ.Б. Исақанова. – Нұр-Сұлтан: ҚазҰӨУ Редакциялық-басылым бөлімі, 2019. – 230 б.: сур. [Серия «ҚАЗАҚСТАН. ӨНЕР. ТҮЛҒА» биобиблиография сериясы].

**ISBN**

Биобиблиографиялық көрсеткіш жазушы, драматург, кинодраматург, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» және «Отан» ордендерінің иегері, Франц Кафка атындағы Халықаралық әдеби сыйлығының иегері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Әкім Таразидің өмірі мен шығармашылығына арналып отыр.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғалымдарға, ізденушілерге, оқытушыларға, студенттерге және көпшілік оқырман қауымға арналады.

**ОӘЖ**

**ISBN**

© Қазақ Ұлттық өнер университеті, 2019

**УДК 01:7.07**

**ББК 91.9:85**

**А**

*Рекомендовано к изданию Учебно-методическим советом  
Казахского национального университета искусств*

**Рецензенты:**

**Д. Камзабекулы** – доктор филологических наук, профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

**Н.Р. Мукушева** – киновед, кандидат искусствоведения, профессор КазНУИ

Ответственный редактор: **Г.Т. Исахан**

Составители: **Г.Т. Исахан, Г.Б. Исаканова**

Перевод на английский язык: **Бейбарыс Бейбитулы**

**Аким ТАРАЗИ: БИОБИБЛИОГРАФИЯ** / Г.Т. Исахан, Г.Б. Исаканова. – Нур-Султан: Редакционно-издательский отдел КазНУИ, 2019. – 230 с.: портр. [Серия биобиблиографий «КАЗАХСТАН. ИСКУССТВО. ЛИЧНОСТЬ»].

**ISBN**

Предлагаемый биобиблиографический указатель посвящен писателю, драматургу, кинодраматургу, лауреату Государственной премии Республики Казахстан, Заслуженному деятелю Казахстана, обладателю орденов «Құрмет» и «Отан», лауреату Международной литературной премии имени Франца Кафка, профессору Казахского национального университета искусств Акиму Тарази.

Биобиблиографический указатель предназначен для студентов, преподавателей, научных работников и широкому кругу читателей.

УДК

**ISBN**

© Казахский Национальный университет искусств, 2019

**UDC 01:7.07**

**91.9:85**

**A**

*Recommended for publication by Educational and Methodical Council  
Of Kazakh National University of Arts*

Reviewers:

**D.Kamzabekulu** – Doctor of philological sciences, Professor of ENU named after L.Gumilev

**N.R. Mukusheva** – film expert, candidate of art criticism, Professor of KazNUA

Managing Editor: **G.T. Issakhan**

Compiler: **G.T. Issakhan, G.B. Issakanova**

English translation: **Beibarys Beibituly**

**Akim TARAZI: BIOBIBLIOGRAPHY** / G.T. Issakhan, G.B. Issakanova. – Nur-Sultan: Editorial and Publishing Department of KazNUA, 2019. – 230 p. Biobibliography series «KAZAKHSTAN. ART. PERSONALITY».

The proposed biobibliographic index is dedicated to the writer, playwright, screenwriter, State Prize Laureate of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of Kazakhstan, holder of the “Kurmet” and “Otan” orders, winner of the Franz Kafka International Literary Prize, Professor of the Kazakh National University of Arts Akim Tarazi.

The bibliographic index is intended for students, teachers, researchers and a wide circle of readers.

UDC 01:7.07

**ISBN**

© Kazakh National University of Arts, 2019

“

Ұлттың ұлылығы – әдебиеті мен өнерінде. Ұлттық сананың оянуы мен тарихының жаңғыруына қалтқысыз қызмет етіп, шығармашылығымен қазақ әдебиетінің мәртебесін көтеріп жүрген қарымды қаламгерлеріміздің бірі және бірегейі – Әкім Ұртайұлы Тарази.

Әкім Ұртайұлы – көп қырлы тұлға, суреткер жазушы, дарынды драматург, терең ойлы киносценарист, кең тынысты публицист, шебер аудармашы, көрнекті қайраткер, зерттеуші ғалым, ұлағатты ұстаз.

Ә. Таразидің «Құйрықты жұлдыздан» бастау алған жазушылық өнері, адам жанының терең қатпарларына үңілетін эстетикалық қуаты мол әсерлі шығармаларымен толықты, өз заманының шежірешісі бүгінде «Әдебиет шаһарының әкімі» атанды.

Драматургиядағы дебюті «Кулмейтін комедия»-дан бастап көрерменге ой салатын заманауи шығармалар қойып, замандас бейнесін көрсетті, бүгінге дейін сахна төрінен түспей келеді.

Ә. Таразидің киносценарийлерімен түсірілген фильмдер классикаға айналды, қазақ кино өнерінің «алтын қорына» қосылды. Ұлттық кино өнерінде Әкім Ұртайұлының алғашқы киносценарийімен алғаш қазақ тілінде түсірілген «Тұлпардың ізі» фильмі қазақ киносына тың серпіліс, жаңа леп алып келді, «нағыз кинодраматургияның шығармасы» ретінде бағаланды. Қазақстан кинематографистер одағын, Жазушылар одағының хатшысы қызметін атқарғандағы қайраткерлік қарымы өз алдына бір төбе.

Бүгінгі таңда Әкім ағамыз Қазақ өнерінің қара шаңырағы – Қазақ ұлттық өнер университетінде тәлімгерлік талантымен өнерлі жастарды әдеби шығармашылыққа баулып келеді.

Әкім аға, денсаулығыңыз мықты болсын, Еліңіздің төрінде еліміздің игілігі үшін табысты еңбек ете беруіңізге тілектеспін, Өзіңізге, Отбасына амандық, баянды бақыт тілеймін!

”

**Айман МҰСАХАДЖАЕВА**

“

*Величие народа в его литературе и искусстве. Аким Уртайұлы Тарази является одним из самых талантливых и уникальных представителей казахской литературы, внесшим огромный вклад для возрождения национального самосознания и истории.*

*Аким Уртайұлы – это многосторонняя личность, писатель, драматург, киносценарист, публицист, переводчик, деятель, ученый исследователь, учитель.*

*«Когда возвращается комета» стало успешным началом в творческой биографии А. Тарази. Оно дополнялось эстетически воздействующими на внутреннее состояние человека крупными произведениями. Не зря его называют летописцем нашего времени и Акимом литературного города.*

*Начиная с самого дебюта – постановки «Несмеиная комедия» - зрителю были представлены произведения, побуждающие его к размышлениям. Драматургия основана на образах современников, и на сегодня произведения автора не сходят со сцен театров.*

*Фильмы, снятые по киносценариям А. Тарази, стали классикой. Они были включены в «золотой фонд» казахского киноискусства. В национальном искусстве впервые была снята дебютная работа Акима Уртайұлы «Следы уходят за горизонт» на казахском языке, которая принесла казахскому кино новую волну и получила признание как «настоящее произведение кинодраматургии».*

*Особого внимания заслуживает его деятельность в ходе работы секретарем в Союзе кинематографистов и Союзе писателей Казахстана.*

*В настоящее время Аким – ага помогает талантливой молодежи постичь основы литературного творчества в стенах Казахского национального университета искусств, которое стало храмом казахского искусства.*

*Аким ага, доброго Вам здоровья, дальнейших успехов в служении на благо независимого Казахстана, благополучия и счастья Вам и Вашей семье.*

”

**Айман МУСАХАДЖАЕВА**



“

*The greatness of the nation lies in its literature and art. Akim Tarazi Urtaiuli is one of the most unique and talented representatives of Kazakh literature who made a huge contribution to the revival of national consciousness and history.*

*Akim Tarazi Urtaiuli is a multifaceted personality, writer, playwright, screenwriter, essayist, translator, activist, scientist, researcher, teacher.*

*«When the comet returns» was a successful start in the creative biography of A. Tarazi. It was supplemented by large works aesthetically affecting the inner world of man. No wonder it is called the chronicler of our time and the Mayor of the literary city.*

*Starting from the very debut - the production of «Unfunny Comedy» - the viewer was presented with works that encourage his thinking. Dramaturgy is based on the images of contemporaries, and today the works of the author do not descend from the stages of theaters.*

*Films made on the screenplays of A. Tarazi, have become classics. They are the important part of the «Golden Fund» of Kazakh cinema. In national art, the debut work of Akim Urtayuly, “Traces go beyond the horizon,” was first filmed in the Kazakh language, which brought new waves to Kazakh cinema and was recognized as “a real work of screenwriting”.*

*His work as a Secretary in the Union of cinematographers and the Union of writers of Kazakhstan deserves special attention.*

*Currently, Akim - Aga helps talented young people to understand the basics of literary creativity within the walls of the Kazakh national University of arts, which became the temple of Kazakh art.*

*Akim Aha, good health to You, further success in serving for the benefit of independent Kazakhstan, well-being and happiness to You and Your family.*

”

**Aiman MUSSAKHAJAYEVA**



## ОҚЫРМАНҒА

«Қазақстан. Өнер. Тұлға. Биобиблиография» сериясы бойынша ұсынылып отырған көрсеткіш – жазушы, драматург, кинодраматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» және «Отан» ордендерінің иегері, Франц Кафка атындағы халықаралық әдеби сыйлығының иегері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Әкім Таразиге арналған.

Биобиблиографияға жазушының өмірі мен шығармашылығын, қызметін сипаттайтын материалдар, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер, мақалалар мен сұхбаттар көрсеткіші, авторлық қолтаңбалар, фотогалерея енгізілді. Көрсеткіште қазақ, орыс және шет тілдерінде жарық көрген әдебиеттер әр жылдың шегінде алфавит бойынша хронологиялық тәртіппен орналасқан. Өліпбилік көрсеткіште сілтемелер хронологиялық көрсеткіштегі еңбектердің рет санымен берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткішті құрастыруда Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы қорындағы «Ә. Таразидің мемориалды кітап топтамасы», Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы (Алматы) қоры, Ә. Таразидің жеке архиві, Қазақ Ұлттық өнер университетінің кітапхана қоры, М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының, Ғ. Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының, Қ.Қожамяров атындағы республикалық мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театрының архив қорлары, Интернет материалдары пайдаланылды.



## К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель серии «Казахстан. Искусство. Личность. Биобиблиография» – посвящен писателю, драматургу, кинодраматургу, лауреату Государственной премии Республики Казахстан, заслуженному деятелю Казахстана, обладателю орденов «Құрмет», «Отан», лауреату Международной литературной премии имени Франца Кафка, профессору Казахского национального университета искусств Акиму Тарази.

Указатель состоит из хронологического списка трудов, включающего книги, статьи, интервью, пьесы и сценарий фильмов, переводы, а также литературу, посвященную его жизни и деятельности. Также приложены автографы и фотогалерея. Материалы представлены в хронологическом порядке, а в пределах года — в алфавитном. Сначала отражена на казахском, затем на русском и зарубежном языках.

Для облегчения пользования данным указателем составлен алфавитный указатель имен, отсылающие к соответствующим библиографическим записям.

При составлении данного Указателя использованы материалы из «Мемориальной книжной коллекции А. Тарази» Национальной академической библиотеки Республики Казахстан, Национальной библиотеки Республики Казахстан (Алматы), личный архив А.Тарази, библиотечный фонд Казахского национального университета искусств, архивные фонды Казахского государственного академического театра драмы им. М.Ауэзова, Казахского государственного академического театра для детей и юношества им. Г.Мусрепова, Республиканского государственного уйгурского театра музыкальной комедии имени К. Кожамярова и Интернет-ресурсы.

## TO READERS

The proposed index of series "Kazakhstan. Art. Personality. Biobibliography" is dedicated to the writer, playwright, screenwriter, laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of Kazakhstan, the Laureate of the Medals "Kurmet", "Otan", Laureate of the Franz Kafka International Literature Prize, Professor of the Kazakh National Arts University Akim Tarazi.

The index includes materials describing the life, work and activities of the writer, his writings and pointers to literature, articles and interviews, author's signatures and a photo gallery. In the index, materials published in Kazakh, Russian and foreign languages are arranged in chronological order. By years, works are presented in alphabetical order.

For simplification of index application, an alphabetical names order is applied. Additional index provides numbers referring to corresponding bibliographic notes.

During Index' compilation, materials from the A. Tarazi Memorial Book Collection of the National Academic Library of the Republic of Kazakhstan, the National Library of the Republic of Kazakhstan (Almaty), the personal archive of A. Tarazi, and the library артв of the Kazakh National Arts University, Archive funds of the Kazakh State Academic Drama Theater. M. Auezov, the Kazakh State Academic Theater for Children and Youth named. G. Musrepov, Republican Uygur Theater of Musical Comedy named after K. Kozhamyarov and Internet materials were used.



## ӘКІМ ТАРАЗИДІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Әкім Тарази (Әшімов Әкім Үртайұлы) 1933 жылы 9 қыркүйекте Алматы қаласында дүниеге келді.

1950. Жамбыл облысы, Луговой (Рысқұлов) ауданы, Жаңа тұрмыс ауылында орта мектепті бітірді.

1950-1952. Жамбыл облысы Луговой ауданы Ақыртөбе орта мектебінде сабақ берді.

1952-1955. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетінде оқиды.

1955-1956. Жамбыл облысы, Шу ауданы, Жаңа тұрмыс орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді.

1956–1958. «Ара» сатиралық журналында фельетонист.

1958-1959. «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде жауапты хатшы.

1959-1960. Жамбыл облысы Новотроицк орта мектебінің ұстазы.

1960. «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер.

1960-1962. КСРО кинематография қызметкерлерінің Жоғарғы сценарлық курсына (Москва) дәріс тындады.

1962-1963. «Қазақфильм» студиясының сценарисі.

1963-1964. «Қазақфильм» киностудиясы сценарлық шеберханасында редактор-кеңесші.

1964-1966. «Қазақфильм» киностудиясы сценарлық бөлімнің редакция алқасының мүшесі.

1966-1971. «Қазақфильм» киностудиясы сценарлық редакция алқасының бас редакторы.

1970-1971. «Литературная газетаның» Қазақстан бойынша меншікті тілшісі (Мәскеу).

1971-1980. Қазақстан кинематографисттер Одағының бірінші хатшысы. 1980-1986. Шығармашылық кезеңі.

1986-1998. Қазақстан Жазушылар Одағының хатшысы.

1991-1993. Қазақстан Республикасы Мәдениет министірлігінің кеңесшісі.

1993-1995. «Қаржы қаражат» журналының бас редакторы.

1995-2004. Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының доценті (Алматы).

2007. Қазақстан жазушылар Одағының Астана филиалы жетекшісі.

2009. Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің Өнертану кафедрасының профессоры (Астана).

## АТАҚТАРЫ МЕН МАРАПАТТАРЫ

### Мемлекеттік марапаттары

- «Ерен еңбегі үшін» медалі (1970)
- Қазақстан Жазушылар Одағының Құрмет грамотасы (1977)
- ҚазССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасы (1985)
- КСРО Мәдениет Министрі, КСРО Жазушылар Одағы, Бүкілресейлік театр қоғамының дипломы (1985)
- Қазақстан Республикасының «Құрмет» ордені (15.10.1994)
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы, «Қорқау жұлдыз» романы үшін (28.12.1994)
- Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1999)
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы, «Жаза» романы үшін (29.11.2002)
- Қазақстан Республикасының «Отан» ордені (03.12.2015)

### Мерейтойлық медальдары

- Тың жерлерді игерудің 20 жылдығы құрметіне мерекелік төсбелгі (1974)
- Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық құрметіне мерекелік төсбелгі (1996)
- «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалі (2001)
- «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі (2011)
- «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі (2016)

### Шет елдер тарапынан алған наградалары

- «Әлем әдебиетін дамытуға қосқан үлесі үшін» Франц Кафка атындағы медаль және арнайы диплом (Прага, Чехия, 19.07.2011)



### Қоғамдық марапаттары

- КСРО кинематографиясының үздігі (1970)
- КСРО Қарулы күштеріне мәдени қамқоршы-үздігі (1972)
- Қазақстан Жазушылар Одағының Б. Майлин атындағы сыйлығының иегері (1985)
- Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлық (1996)
- ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздік. Әдебиет. Қаламгер» атты Қазақстанның шығармашылық зиялы қауымның республикалық форумында «Үздік жазушы» номинациясы бойынша жеңімпаз (2016)
- «Жамбыл облысының құрметті азаматы» (2002)
- Есімі Жамбыл облысы Тастөбе ауылындағы мектепке берілген.

### Ғылыми атақтары

- Т. Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік театр және кино институтының доценті (қазіргі – Т. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясы) (2003)
- Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің «Өнертану» кафедрасының профессоры (2009)
- ТарМУ құрметті профессоры (2012).
- Жоғары аттестация комиссиясының шешімімен Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің профессоры (2018)

### Қоғамдық қызметтері

- Кинематографисттер Одағының бірінші секретары және Қазақ ССР Министрлер кеңесінің кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің коллегия мүшесі (1963)
- Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі (1968)
- КСРО Жазушылар одағының мүшесі (1968)
- КСРО Журналистер одағының мүшесі (1979)
- Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының мүшесі
- «Сахна» республикалық шығармашылық қауымдастығының президенті (1994)
- Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссия мүшесі (2007).

- «Вайнах» Чечен-ингуш мәдени орталығының басқарма кеңесінің мүшесі (1990)

### Сахналанған шығармалары

1964-1967. «**Күлмейтін комедия**», екі бөлімді хикая, реж. В.И.Иванов. *М. Әуезов атындағы академиялық драма театры.*

1972. «**Жолы болғыш жігіт**», екі бөлімді сатиралық драма, реж. Р. Сейтметов. *М. Әуезов атындағы академиялық драма театры.*

1975. «**Апа-апатай**», екі сала, эпилогі бар күлдіргі драма. (Қалихан Ысқақпен бірге жазылған), реж. Мен-Дон-Ук. *Қазақстанның мемлекеттік жасөспірімдер мен балалар театры.*

1976. «**Жәкөтайлар немесе Шырықбұзар**», 2 бөлімді 5 суретті сайқымазақ сатира (Қалихан Ысқақпен бірге жазылған), реж. Ә. Құлданов. *Жамбыл облысының Абай атындағы қазақ драма театры.*

1979-1980. «**Жақсы кісі**», екі бөлімді трагикомедия, реж. Ж. Хаджиев. *Қазақстанның мемлекеттік жасөспірімдер мен балалар театры.*

1984. «**Ол – менің тағдырым**», екі бөлімді драма, реж. А. Кенжеков. *Қазақстанның мемлекеттік жасөспірімдер мен балалар театры.*

1985. «**Қыз махаббаты**», трагедия. *Серке Қожамқұлов атындағы Торғай облыстық қазақ музыкалы-драма театры.*

1985. «**Қыз махаббаты немесе қуыршақ бөпенің жоқтауы**», реж. Франц Пухович. *Ақтөбе облыстық орыс драма театры.*

1985 «**Әлия**» трагедиясы. *Т. Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық қазақ драма театры.*

1985. «**Қос боздақ**» драма. *М. Әуезов атындағы академиялық драма театры.*

[1987]. «**Жақсы кісі**», екі бөлімді трагикомедия, реж. Е. Тәпенов. *С. Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театры.*

[1987]. «**Хан тәңірі**», драма, реж. А. Дүйсебаев. *Серке Қожамқұлов атындағы Торғай облыстық қазақ музыкалы-драма театры.*

1994. «**Індет**», екі бөлімді трагикомедия, реж. Е. Обаев. *Ф. Мүсрепов атындағы Қазақстанның мемлекеттік жасөспірімдер мен балалар театры.*

1996. «**Індет**», екі бөлімді трагикомедия. *Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры.*



2002. **М. Жұмабаев. «Шолпанның күнәсі»** реквием (сахналық нұсқа Ә.Тарази), реж. Қ. Сүгірбеков. *М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры.*

2003. **«Ақын... Періште...Махаббат...»**, символикалық драма, реж. Ә. Рахимов. *М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры.*

2003. **«Махамбет»**, драма, реж. С. Асылханов. *Қ.Қожамияров атындағы республикалық мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театры.*

2005. **«Муза»**, драмалық зерттеу, реж. Е. Төлеубай. *Шығыс Қазақстан облыстық Семейдің Абай атындағы мемлекеттік қазақ музыкалық драма театры.*

2013. **«Үкілі жұлдыз»** фарс-трагедия, реж. Ә. Оразбеков. *Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры.*

2013. **«Жақсы кісі»**, екі бөлімді трагикомедия, реж. Ж. Хаджиев. *Ғ. Мүсрепов атындағы Қазақстанның мемлекеттік жасөспірімдер мен балалар театры.*

2015. **«Әлия»** трагедиясы, реж. И. Сапаров. *Ж.Шанин атындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық драма театры.*

#### Фильм сценарийлері

1964. **«Тұлпардың ізі»**, мелодрама, реж. М. Бегалин

1967. **«Арман атаман»**, комедия, реж. Ш. Бейсенбаев

1968. **«Қараш-қараш оқиғасы»**, драма, реж. Б.Шәмшиев

1973. **«Кенен Әзірбаев»**, 2 бөлімді деректі фильм, реж. О. Әбішев

1977. **«Объяснение в любви»**, телевизиялық фильм, реж. Л.Сон.

2002. **«Қызжылаған»**, әлеуметтік драма, реж. С. Нарымбетов

2008. **«Мұстафа Шоқай»**. тарих, биография, драма, реж. С.Нарымбетов



## ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКИМ ТАРАЗИ

Аким Тарази (Ашимов Аким Уртайулы) родился 9 сентября 1933 года в городе Алма-Ате.

1950. Учился Жанатурмысской средней школе Луговского (Рыскулов) района Жамбылской области

1950-1952. Учитель Акыртюбинской средней школы Луговского района Жамбылской области

1952-1955. Студент филологического факультета Казахского государственного педагогического института им. Абая.

1955-1956. Преподаватель русского языка и литературы в Новотроицкой (Жанатурмыс) средней школы Шуского района Жамбылской области.

1956-1958. Фельетонист сатирического журнала «Ара».

1958-1959. Ответственный секретарь газеты «Қазақстан пионері» («Ұлан»).

1959-1960. Преподаватель Новотроицкой средней школы Шуского района Жамбылской области

1960. Литературный работник редакции газеты «Социалистік Қазақстан»

1960-1962. Слушатель Высших сценарных курсов (Москва) Союза работников кинематографии СССР.

1962-1963. Сценарист студии «Казахфильм»

1963-1964. Редактор-консультант сценарной мастерской киностудии «Казахфильм»

1964-1966. Член редакционной коллегии сценарного отдела киностудии «Казахфильм».

1966-1971. Главный редактор сцен редакционной коллегии киностудии «Казахфильм».

1970-1971. Собственный корреспондент «Литературной газеты» (Москва) по Казахстану.

1971-1980. Первый секретарь правления Союза кинематографистов Казахстана.

1980-1986. Творческий период.

1986-1998. Секретарь Союза писателей Казахстана.

1991-1993. Советник Министерства культуры Республики Казахстан.

1993-1995. Главный редактор журнала «Қаржы қаражат».



1995-2004. Доцент Казахской Национальной академии искусств им. Т. Жургенова (Алматы).

2007. Руководитель Астанинского филиала Союза писателей Казахстана.

2009. Профессор Казахского национального университета искусств (Астана).

## ЗВАНИЯ И НАГРАДЫ

### Государственные награды

- Медаль «За доблестную труд» (1970)
- Диплом Союза писателей Казахстана (1977)
- Почетная грамота Верховного Совета Казахской ССР (1985 г.)
- Диплом Министра культуры СССР, Союза писателей СССР, Всероссийское театральное общество за пьесу «Колыбельная для Адама». (1985)
- Орден «Кұрмет» Республики Казахстан (15.10.1994)
- Государственная премия Республики Казахстан, за роман «Альтернатива» (28.12.1994)
- Заслуженный деятель Казахстана (1999)
- Лауреат Государственной премии Республики Казахстан (29.11.2002)
- Орден «Отан» Республики Казахстан (03.12.2015)

### Юбилейные медали

- Нагрудной знак в честь 20-летия освоения целинных земель (1974)
- Нагрудной знак в честь 150-летия Жамбыла Жабоева (1996)
- Медаль «10 лет независимости Республики Казахстан» (2001)
- Медаль «20 лет Независимости Республики Казахстан» (2011)
- Медаль «25 лет Независимости Республики Казахстан» (2016)

### Награды иностранных государств

- Медаль Франца Кафки и специальный диплом за вклад в развитие мировой литературы (Прага, Чешская Республика, 19.07.2011)

### Почетные звания

- Отличник кинематографии СССР (1970)
- Заслуженный работник культуры Вооруженных Сил СССР (1972)
- Обладатель премии имени Б. Майлина Союза писателей Казахстана (1985)
- Международная премия имени Жамбыла (1996)
- победитель номинации «Үздік жазушы» на форуме «ТӘУЕЛСІЗДІК. ӘДЕБИЕТ. ҚАЛАМҒЕР», посвященном 25-летию независимости Казахстана. (2016)
- «Почетный гражданин Жамбылской области» (2002)
- Названа средняя школа имени Аким Тарази в селе Тастобе Жамбылской области.

### Ученые звания

- присвоено звание доцента Казахского государственного института театра и кино им. Жургенова (ныне – Национальная академия художеств им. Т. Жургенова) (2003).
- Профессор Казахского национального университета искусств (2009).
- Почетный профессор ТарГУ (2012).
- Решением Высшей аттестационной комиссии присвоено звание профессора Казахского национального университета искусств (2018).

### Общественная деятельность

- Первый секретарь Союза кинематографистов и член коллегии Государственного комитета кинематографии при Совете Министров Казахской ССР (1963)
- Член Союза писателей Казахстана (1968)
- Член Союза писателей СССР (1968)
- Член Союза журналистов СССР (1979)
- Член Общества по охране памятников культуры
- Президент Национальной ассоциации искусств «Сахна» (1994)
- Член комиссии по присуждению Государственной премии Республики Казахстан в области литературы и искусства при Президенте Республики Казахстан (2007).
- Член совета директоров чечено-ингушского культурного центра «Вайнах» (1990)



## Постановки произведений

1964-1967. **«Несмешная комедия»**, двухактная история, реж. В.И.Иванов. *Казахский академический театр драмы им. М. Ауезова.*

1972. **«Везучий Букен»**, двухактная сатирическая драма, реж. Р. Сейтметов. *Казахский академический театр драмы им. М. Ауезова.*

1975. **«Апа-апатай»**, двухактный, комедийная драма с эпилогом (в соавторстве с Қалихан Ыскак), реж. Мен-Дон-Ук. *Казахский государственный театр для детей и юношества.*

1976. **«Жәкөтайлар немесе Шырықбұзар»**, двухактная сатира (совместно с Калихан Ыскак), реж. А. Кулданов. *Жамбылский областной казахский театр драмы имени Абая.*

1979-1980. **«Хороший человек»**, двухактная трагикомедия, реж. Ж. Хаджиев. *Казахский государственный театр для детей и юношества.*

1984. **«Это и моя судьба»**, двухактная драма, реж. А. Кенжеков. *Казахский государственный театр для детей и юношества.*

1985. **«Девичья любовь»**, трагедия. *Тургайский областной казахский музыкально-драматический театр имени С.Кожамкулова.*

1985. **«Қыз махаббаты немесе қуыршақ бөпенің жоқтауы»**, *Актюбинский областной русский драматический театр.*

1985 **«Алия»**, трагедия. *Актюбинский областной театр драмы им. Т.Ахтанова*

1985. **«Қос боздақ»** драма. *Казахский академический театр драмы им. М. Ауезова.*

[1987]. **«Хороший человек»**, двухактная трагикомедия, реж. Е.Тәпенов. *Карагандинский областной казахский театр драмы им. С. Сейфуллина.*

[1987]. **«Хан тенгри»**, драма, реж. А. Дүйсебаев. *Тургайский областной казахский музыкально-драматический театр имени С. Кожамкулова.*

1994. **«Індет» (Эпидемия)**, двухактная трагикомедия, реж. Е. Обаев. *Казахский государственный театр для детей и юношества им. Г. Мүсрепова*

1996. **«Індет» (Эпидемия)**, двухактная трагикомедия, *Жезказганский казахский музыкально-драматический театр имени С. Кожамкулова.*

2002. **М.Жумабаев. «Прегрешение Шолпан»** реквием (сценический вариант А.Тарази), реж. К. Сугирбеков. *Казахский государственный академический театр драмы им. Ауэзова.*

2003. «Поэт... Ангел...Любовь...», символическая драма, реж. Ә. Рахимов. *Казахский государственный академический театр драмы им. М. Ауэзова.*

2003. «Махамбет», драма, реж. С. Асылханов. *Государственный академический уйгурский театр музыкальной комедии имени Куддуса Кужамьярова.*

2005. «Муза», драма-исследование, реж. Е. Төлеубай. *Восточно-Казахстанский областной государственный казахский музыкально-драматический театр им. Абая в Семей.*

2013. «Люстра» фарс трагедия, реж. Ә. Оразбеков. *Казахский государственный академический музыкально-драматический театр им. К.Куаньшбаева.*

2013. «Хороший человек», двухактная трагикомедия, реж. Ж. Хаджиев. *Казахский государственный театр для детей и юношества им. Г. Мусрепова.*

2015. «Алия», трагедия, реж. И. Сапаров. *Южно-Казахстанский областной Казахский драматический театр имени Ж.Шаншина.*

### Сценарий кинофильмов

1964. «Следы уходят за горизонт», мелодрама, реж. М. Бегалин

1967. «Звучи там-там», комедия, реж. Ш. Бейсенбаев

1968. «Выстрел на перевале Қараш», драма, реж. Б. Шәмшиев

1973. «Крылья Кенена», документальный фильм, реж. О. Әбішев

1977. «Объяснение в любви», телевизионный фильм, реж. Л. Сон.

2002. «Молитва Лейлы», социальная драма, реж. С. Нарымбетов

2008. «Мустафа Шокай». История, биография, драма, реж. С. Нарымбетов



## MAIN DATES ABOUT LIFE AND ACTIVITIES OF AKIM TARAZI

Akim Tarazi (Ashimov Akim Urtaevich) was born on September 9, 1933 in Almaty.

1950. Graduated from Zhanaturmys secondary school in Lugovoi (Ryskulov) district of Zhambyl region.

1950-1952. Teacher at Akkurtobe secondary school in Lugovoi district of Zhambyl region.

1952-1955 Student of philological faculty of Kazakh Pedagogical Institute named after Abay.

1955-1956. Teacher of Russian language and literature in Novotroitsk (Zhanaturmys) secondary school in Shu district of Zhambyl region.

1956-1958. Feuilletonist in “Ara” satirical magazine.

1958-1959. Responsible secretary in the newspaper “Kazakhstan pioneer” (“Ulan”).

1959-1960. Teacher of the Novotroitsk secondary school in Zhambyl region

1960. Literary worker in “Socialist Kazakhstan” newspaper

1960-1962. lectured in the USSR Cinematography Workers’ Union High Scenario Course (Moscow).

1962-1963. Kazakhfilm studio script

1963-1964 Consultant editor of the film studio Kazakhfilm

1964-1966 Member of the editorial board of the script department of the film studio “Kazakhfilm”.

1966-1971. Chief editor of the scenes of the editorial board of the film studio “Kazakhfilm”.

1970-1971. The correspondent of the “Literary Newspaper” (Moscow) in Kazakhstan.

1971-1980. First Secretary of the Union of Cinematographers of the Kazakhstan.

1980-1986. Creative period.

1986-1998. Secretary of the Union of Writers of Kazakhstan.

1991-1993. Advisor to the Ministry of Culture of the Republic of Kazakhstan.

1993-1995 Chief Editor of magazine “Karzhy karazhat”.

1995-2004. Associate Professor of the T. Zhurgenov Academy of Arts (Almaty).

2007. Head of the Astana branch of the Union of Writers of Kazakhstan.  
2009 – Professor of the Kazakh National University of Arts (Astana).

## RANKS and AWARDS

### State awards

- «Za doblestnyy trud» medal (1970)
- Kazakhstan writers union’s diplom
- Diploma of the Kazakh SSR Supreme Council
- Order “Kurmet” of the Republic of Kazakhstan (1994).
- Honored Worker of Kazakhstan (1999).
- Laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan (2007).
- Order «Otan» of the Republic of Kazakhstan (2015).

### Jubilee medals

- Medal “10 years of Independence of the Republic of Kazakhstan” (2001)
- Medal “20 years of Independence of the Republic of Kazakhstan” (2011).
- Medal “25 years of Independence of the Republic of Kazakhstan” (2016).

### Awards of the foreign states

- Medal Franz Kafka and special diploma for the contribution to the development of world literature (Prague, Czech Republic 19.07.2011).

### Public awards

- Excellence in Cinematography of the USSR (1970)
- Honored Worker of Culture of the Armed Forces of the USSR (1972)
- Holder of the B. Maylin Prize of the Union of Writers of Kazakhstan (1985)
- Independence Day, dedicated to the 25th anniversary of Kazakhstan’s

independence. Literature. Kalamger “in the Republican Forum of Creative Intelligentsia of Kazakhstan in the nomination” The Best Writer “(2016)

- “Honorable citizen of Zhambyl region” (2002)
- The name is given to the school in Tastobe village, Zhambyl oblast (....).

### Academic titles

• He has been awarded the title of Associate Professor of the Kazakh State Institute of Theater and Cinema named after Zhurgenov (now – T. Zhurgenov National Academy of Arts) (1995)

- Professor of the Kazakh National University of Arts (2009)
- honorary professor of Taraz State University (2012)
- By the decision of the Higher Attestation Commission the title of Professor of the Kazakh National University of Arts (2018)

### Public services

• First Secretary of the Union of Cinematographers and Member of the Collegium of the State Committee of Cinematography of the Council of Ministers of the Kazakh SSR (1963)

- Member of the Union of Writers of Kazakhstan (1968)
- Member of the Union of Writers of the USSR (1968)
- Member of the Union of Journalists of the USSR (1979)
- Member of the Society for the Protection of Cultural Monuments
- President of the National Arts Association “Sakhna” (1994)
- Member of the Commission for awarding the State Prize of the Republic of Kazakhstan in the Literature and Art area under the President of the Republic of Kazakhstan
- Member of the Board of Directors of Chechen-Ingush Cultural Center «Vainakh» (1990)

### Productions of works

1964-1967. “Unfunny Comedy”, two-act story, Director – V. I. P. the



dictionary has a two-way translation. Kazakh academic drama theatre. M. – M.: publishing house of KAZ.

1972. “Lucky Buken”, a two-act satirical drama, directed by R. the dictionary implemented two-way translation. Kazakh academic drama theatre. M. – M.: publishing house of KAZ.

1975. “APA-apati”, two-act Comedy drama with epilogue (co-authored with Calihan Yskak), directed by Dong-UK. Kazakh state theater for children and youth.

In the dictionary implemented two-way transfer. “Icatlar or Chirikba”, two-act satire (together with Calihan Yskak), Director – A. – M.: publishing house of KAZ. Zhambyl regional Kazakh drama theater named after Abay.

1979-1980. «Good man.» Two-act tragicomedy, directed by J. Hadzhiev. Kazakh state theater for children and youth.

1985. “Maiden love”, Arkalyk drama theatre

1985. “Love of a girl or absence of a doll”, Aktobe regional Russian drama theatre

1985 “Alia”, tragedy. Aktobe regional drama theatre. T. Akhtanova

1985 “Kos bozdak”. Kazakh state academic drama theatre. M. Auezov.

1994. “Indet”, a two – act tragicomedy, directed by E. Obaev. Kazakh state theater for children and youth. G. Musrepova

1996. “Indet”, two-act tragicomedy, Zhezkazgan Kazakh musical drama theater named after S. Kozhamkulov

2002. M. Zhumabayev. “Halpenny CNS” Requiem (stage version by A. Tarazi), Director – K. Sugurbekov. Kazakh state academic drama theatre. Auezov.

2003. “Akin... Perish... Mahabbat...”, symbolic drama, Director – Ə. Rakhimov. Kazakh state academic drama theatre. M. Auezov.

2003. “Makhambet”, drama, Director – S. Asylkhanov. State academic Uighur theatre of musical Comedy named after Kuddus kuzhamyarov.

2013. “Chandelier” farce tragedy, Director-Ə. The Orazbekov. Kazakh music and drama theatre. Kuanyshbaev

2013. «Good man.» Two-act tragicomedy, directed by J. Hadzhiev. Kazakh state theater for children and youth. G. Musrepova.

2015. “Aliya”, tragedy, Director-Imanali Saparov. Regional Kazakh drama theatre named after Zh. Shanin.

## Adaptation of the works of

- 1964. “Footprints over the horizon”, melodrama, dir. M. Begalin
- 1967. “Sound over there”, Comedy, dir. Sh Beisenbayev
- 1968. “Shot on the pass Karash”, drama, dir. B. Shamshiev
- 1973. Wings of Kenen, documentary, dir. O. Bev
- 1977. “Declaration of love”, TV film, dir. L. Son.
- 2002. “Leila’s prayer”, social drama, dir. S. Narymbetov
- 2008. Mustafa Shokai. History, biography, drama, dir. S. Narymbetov

## Тарази туралы түйінді сөз

Қазақ әдебиеті әлемдік әдебиеттің ажырамас бір бөлігі ретінде ұлттың рухына, мәдениетінің дамуына, рухани сананың, тарихи танымның қалыптасуына үздіксіз қызмет етіп келеді. Ұлттың жоғын жоқтап, намысын қорғайтын да, дәстүрін, тарихын сақтайтын да – әдебиет.

Қазақ әдебиеті әлемдік әдебиеттің ажырамас бір бөлігі ретінде ұлттың рухына, мәдениетінің дамуына, рухани сананың, тарихи танымның қалыптасуына үздіксіз қызмет етіп келеді. Ұлттың жоғын жоқтап, намысын қорғайтын да, дәстүрін, тарихын сақтайтын да – әдебиет.

Қоғамның болмысын асқақтатып жырлаған, көркем әдебиет тілінде айшықтап бейнелеген, қалың елінің үдесінен шыққан жыраудың да, ақынның да, жазушының да абыройы асқақ болған. Мұндай өнер иелері, Аллаға шүкір, қай дәуірде де, қай заманда да, қай ғасырда да, қай кезеңде де қазақ қоғамында, оның көркем ойының тарихында аз болған жоқ.

Көне дәуірді, арғы заманды айтпағанның өзінде, XVIII ғасырда Құдай қазаққа – Бұқарды, XIX ғасырда – Абай мен Жамбылды, XX ғасырда Мұхтар Әуезовті, Мағжан Жұмабаевты, Ғабит Мүсіреповті, айбарлы қылып ұлтының сөзін ұстаған Шерхан Мұртазаны берді.

Сол ғасырдың алпысыншы жылдарында «халық жауы» делінгендердің төлеуі болып әдебиетімізге құлын-тайдай жарысқан, қоғалы көлдей жарасқан, жұлдызы жанған Үркердей жаңа лек келді: Мұқағали Мақатаев, Олжас Сүлейменов, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Әбіш Кекілбаев, Қалихан Ысқақов, Сайын Мұратбеков, Мұхтар Мағауин, Ақселеу Сейдімбек, Дулат Исабеков, Төлен Әбдіков, Смағұл Елубаев. Осы ортаның алғы шебінен біз Әкім Таразиді көреміз.

Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры аталған, шын мәніндегі, кәсіби әдебиет деңгейіне көтерілген, барлық жанрда өркендеген тұсы, қазақы көркем ойы көкжиегінің кеңейіп, әлемдік өркениетке кереге жайған кезі – сол аумалы-төкпелі, аласапыран XX ғасыр еді.

Алабөтен мінез таныта келген әлгі біз айтып отырған алпысыншы жылғылар әдебиетімізге тұтас бетбұрыс әкелді. Қазақ әдебиетінде ұлттық сананың қайта оянуы мен тарихи сананың жаңғыруына айрықша ықпал еткен тарихи процестің бел ортасында біз тағы да прозаик, драматург Әкім Таразиді көреміз. Осы буыннан кейін сең бұзған тұтас толқын әдебиетімізде Тәуелсіздікке дейін де, одан кейін де болған жоқ.



Әкім Тарази әдебиетке өз соқпағын сала келді: не бір терең ойлы, тағылымды әңгіме, хикаят, роман, пьесалар жазды; ешкімге ұқсамайтын, қайта-ланбайтын өз стилін, өз мінезін қалыптастырды; өзі өмір сүріп отырған дәуір адамдарымен де, өзінен кейінгі ұрпақпен де сырласа алатын, ұғыныса алатын кесек характерлер сомдады.

Әкім Тарази – ақиқатты бүкпесіз, ашық айтудан айнымаған, жал-тақтауды, жалпақтауды білмейтін, дақпыртты, даурыққанды, желпініп-желіккенді жақтырмайтын, өзімен-өзі оңаша болғанды ұнататын; шығармашылық өнерге аса жауапкершілікпен қарайтын дара суреткер. Жамбылдың қызыл жолбарысы секілді көзге көрінбейтін, күндіз-түні қорғап жүретін, қия бастырмайтын, үнемі камшылап отыратын Бүлкілбайы бар жазушы.

Мерзімді баспасөзде жарияланған алғашқы әңгімелері арқылы-ақ оқырманның ықыласына бөленді. Айтулы қаламгер болатындығын, алысқа шабатындығын танытты. Шуу дегеннен-ақ шоктығы биік жазушы ретінде қалыптасты. Кітабы жиі оқылатын қаламгерге айналды.

Біздің кейбір сыншыларымыз кеңес өкіметі тұсында жазушылар жаппай коммунистік идеологияның шылауында болды дегенді айтады. Болғаны да рас. Өйткені қоғамнан, заманнан тыс әдебиет болмайды. Әдебиет – өзі өмір сүріп отырған қоғамның айнасы. Десе де біздің әлгі сыншыларымыз Әкім Таразидің сол заманда-ақ жарық көрген, қалың оқырманның көзайымына айналған «Аран», «Андрей», «Глобус», «2999999+1», «Солженицын және Күлтәй жеңешем» деп аталатын әңгімелерін ескере бермейтін тәрізді. Бұл шығармаларда сол кезде-ақ коммунистік идеологияның қитұрқы саясаты, ұлтты қорлауы, отарлық езгінің салқыны мен салдары аяусыз әшкереленген еді. Бір ғана «Андрейді» алыңызшы, шағын ғана шығармада экспериментке, мазаққа, келекеге айналған, тәніне дерт егіліп, тағдыры тәлкек болған қазақ ұлтының бастан кешірген қияметі бейнеленген. Әдебиет сынының әлі күнге дейін осыны тани алмай отырғанына қайран қаласың.

Жаңа мыңжылдықтың басында қалың оқырманды таңғалдырған шығармасының бірі – «Жаза» романы. Шағын ғана роман шытырман оқиғаға толы: қалай басталып, немен біткенін ешкім айта алмайтын, Кеңес Одағын ортақ шаңырағым деп есептеген талай отбасын боздағынан айырып зарлатқан, адам баласы айтып тауыса алмайтын қайғы-қасірет ордасы – Ауған соғысы, соның салдары, құбыжығы соншалықты әсерлі, өте шебер суреттелген. Соғыстан қайтып оралған солдаттың басындағы қилы

тағдырды соншалықты терең жазған мұндай роман қазақ топырағында бұрын-соңды болған жоқ.

Романның кіріспесінде автор шығарманы оқып шығу оңайға түспейтінін алдын ала ескертеді. Сергелдеңге түскен сорлы солдаттың басындағы жан түршігерлік үрейлі тағдыр оқырманды жіпсіз жетелейді. Сол үрей кітап бетін жапқан соң да бойыңыздан көпке дейін тарқайды.

«Жаза» романы автордың өзіне де, өзгеге де қатал талабынан туған. Жазушы өзін де, өзгені де аямайды. Әкімнің: «Мен шығармаларымды заманға, болмаса жекелей біреуге ұнайын деп жазған емеспін. Табиғатымнан қатал жазушымын. Заманды да, адамды да аямаймын» дейтіні әбден рас.

Романдағы оқиғаның барған сайын күрделене түсуі оқырманды айықпайтын сергелдеңге салады. Психологиялық тартыс, арпалыс, оқиғаның шиеленісуі, оның өсіп-өрбуі автордың ерекше қабілет иесі екендігін күмәнсіз дәлелдейді.

«Үйге келген соң екеуін асықпай тамақтандырды. Содан екеуін тізесіне отырғызып, бар ынтасымен перзенттеріне соңғы рет әкелік мейірімін білдіріп, ыңылдап өлең айтты. Енді ғана ер жете бастаған қос жеткіншектің алқымына қол салып, сәл ғана сығып қалды. Екеуі де есінен танып, сұлқ түсті» (Романнан үзінді).

Не деген сұмдық! Жаны қиылған қос боздақ – Абоның туған перзенттері. Оларды өлтірген Абоның өзі. Жаның түршігеді. «Неге өйтті?», «Бауыр еті – балалары емес пе еді?», «Бұл сұмдыққа неге барды?» деген қым-қиғаш сұрақтар туа береді.

Көзінің ағы мен қарасындай періштелерін әуел баста Або өлімге қимай, көп қиналды. Жанын жегідей жеді. Тентек қойдай теңселді. Пұшайман болды. Бірақ басқа амалы қалмады. Бүкіл денесін жайлаған ем қонбайтын ауыр дертті ауған соғысынан әкеліп балаларына жұқтырып алған Або баяны, тұрлауы жоқ ендігі өмірлері ит қорлықпен өтпесін деп, осылай өз перзенттеріне өзі қол салды.

Абоның ендігі жерде жер басып жүруге қақысы жоқ. Ол аяқ астынан жоқ болып кетеді. Сауал-жауабын, обал-сауабын, сөйтіп, автор оқырманның өзіне қалдырады.

Мемлекеттік сыйлыққа ие болған «Жаза» романы – ұлттық әдебиетіміздің жаңа сатыға көтерілгендігін айғақтаған; жаныңды шырқыратқан шындықты, сүйегінді сырқыратқан сұмдықты нанымды әрі сонша шебер бейнелеген қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы ең таңдаулы асыл



мұраларының бірі. Сондықтан да роман оқырманды еріксіз ойландырады, толғандырады, иландырады.

Жазушы өзінің басынан кешкенді, көзі көргенді, түйсінгенді, жаны сезгенді ғана жазады. «Әр суреткер өзін-өзі жазады» деп Бальзак айтқандай, қаламгердің кейбір кейіпкерлерін өзінен бөліп ала алмайсың. «Тасжарғандағы» Омарды, «Жолы болғыш жігіттегі» Асау Бөкенді мен автордың өзіне ұқсатамын.

Әкім Таразидың «Тасжарған», «Шер», «Қиянат» деп аталатын романдарының қай-қайсысын; қай повесін, қай әңгімесін, қай пьесасын алсаңыз да шынайы өмірдің өзінен туатын бүкпесіз шындықтың, сан алуан тағдырдың, шырмауықтай шырматылған шытырман оқиғаның куәсі боласыз. Өзіңіз де сол оқиғалардың ішінде жүргендей сезінесіз, тіпті кейіпкерлерінің біріне айналып кете жаздайсыз.

Тарази базбіреулер сияқты көзін тырнап аша салысымен қолына қалам ұстаған жоқ, әдебиетке ұйқысын қандырып, өмірді терең ұғынып келді. Нені жазса да санамен жазады. Оның геройларын мынауысы жағымды, анауысы жағымсыз деп бөле алмайсыз. Заман, қоғам, адам өзгерсе де өзгермейтін Кірпішбайлардың қатар жүретіні содан. Әкім Тарази 1933 жылы қыркүйек айында Алматыда туады. Ата-анасы Әкімнің алты жасында Шу стансасына көшіп, балалық шағы сонда өтеді. ҚазПИ-ді бітіреді. Ұзақ жылдар газет-журналдарда қызмет етеді. «Литературная газетаның» Қазақстандағы меншікті тілшісі де болады. Қазақстан Кинематографистер одағын басқарады. Жазушылар одағының хатшысы қызметін атқарады. Сөйте жүре желісін үзбей, кесек-кесек туындылар жазады. Ұлттық мүддеге қызмет ете жүріп, осылай жазушылық өнердің биігіне шығады.

Әкім Тарази өнердің үш саласына бірдей үлкен үлес қосты: прозаик, драматург, киносценарист. «Бұлтқа салған ұясын», «Тасжарған», «Кен», «Жаза», «Шер», «Қорқау жұлдыз», «Махаббат жыры», «Қиянат», «Мұстафа Шоқай» романдары қазақ романын байытты. Романға бергісіз «Құйрықты жұлдыз», «Үлкен ауыл», «Асу-асу», «Көкжиек» секілді повестері осы жанрдың мәртебесін көтерді. «Күлмейтін комедиясы», «Жақсы кісісі», «Жолы болғыш жігіті», «Қос боздағы» қазақ драматургиясының табысына айналды. «Тұлпардың ізі», «Қараш-қараш оқиғасы» «Мұстафа Шоқай» фильмдері қазақ кино өнерінің алтын қорына қосылды.

«Күлмейтін комедиясы» 1964 жылы қойылды. Сол жылы кәдімгі Әкім Әшімов жазушы Әкім Тарази аталды, оның болашақ жары, бүгінде

көрнекті қазақ жазушысы, аяулы жеңгеміз Роза Мұқанова сол жылы дүниеге келді. Сөйтіп, екеуі қосылып өмірге Алпамыс, Арузадай асыл перзенттерді әкелді, екеулеп жүріп қазақ прозасының ажарын кіргізіп, еңсесін көтерді.

Әкім ағаның шығармалары әлем тілдеріне аударылды. Сол арқылы туған халқын әлемге танытты, әлем әдебиетінің дамуына өз үлесін қосты.

Әкім Тарази – сегіз қырлы, бір сырлы қаламгер, терең ойдың адамы, философ жазушы, кәнігі зерттеуші, тағылымды тарихшы, көне мұраларымыздың бітігішісі. Қаламгердің байтақ мұрасы да, Йакинф Бичурин мұраларын аударған ерен еңбегі де бағасын әлі толық алған жоқ. Сырлы сұхбаттарындағы, салиқалы әңгімелеріндегі байсалдылық пен тереңдіктің де сырын ешкім әлі ашқан жоқ. Осыған қарап бүгінде әдебиет сыншылары да кітап оқығанды қойған ба деп қаласың. Осы ретте ұлы ұстазымыз Мұхтар Әуезовтің мына бір сөзі еске түседі:

– Мен өзім теңдес, өзім құрбылас орыс достарымнан үш жыл кейін келемін. Олар «Евгений Онегинді» тоғыз жасында оқиды, ал мен он екі жасымда оқыдым, – деуші еді жарықтық.

Ол ешкімге ұқсамайтын, тек өзіне ғана тән өрнегі, өзіне ғана жарасатын жорғасы бар жазушы. Оны ешкіммен де шатастыруға болмайды.

Ол әдебиетке ешкімге ұқсамас өз үнімен, өз тақырыбымен, мінез-құлықтары тосын, тіршілік, әрекеттері пенделік логикаға бағына бермейтін кейіпкерлерімен келген қаламгер.

### **Баққожа МҰҚАЙ**

Біздің Тарази толып жатқан кедергілерді жеңе алатындығын паш етіп, әдебиетте өзге жұлдыздарға ұқсамай «Құйрықты жұлдыз» болып жарқ ете қалды. Ол өзінің шығармасында жас та болса жаңа өмір, жаңа қоғамның болмысын аңғара отырып, ойнақы жеңілдікпен ойната суреттеді. Бірақ, оның ойнақылығы мен ойнатуы материалын жетік білетін шебердің білімпаздығының көрінісі еді.

### **Елен ӘЛІМЖАН**

Әкім Тарази өмірдің өткір прблемаларын көре білетін жазушы.

**Тахауи АХТАНОВ**

Любое произведение Акима Тарази построено по принципу ловушки, выйдя из которой читатель чувствует настоятельную потребность попасть в нее вновь.

За те два с лишним десятка лет, что мы знакомы, я убедился, что Аким Тарази очень неравнодушный к текущим временам человек. Свидетельство этому — и его художественные произведения, и его публицистика.

**Валерий МИХАЙЛОВ**

Әкім Тарази – қазақ әдебиетінің алтын қорына қомақты олжа салып, өзінің әдеби мектебін қалыптастырған қаламгер.

**Серік МАҚПЫРОВ**

Аким Тарази смело берет житейские сюжеты и, подключая свое богатейшее писательское воображение, доводит их до жизненного финала. Его повествование всегда животрепещуще, он выходит с читателем на разговор о самом сокровенном.

**Адольф АРЦИШЕВСКИЙ**

Әкімнің о бастан өзіне тән қалам сілтесімен, өз үнінің айқындылығымен келгенін баса айтқан жөн. Бүгінде ол – терең ойлы, ізденіс, өсу үстінде ысылған, өзгеге үлгі-өнегесі бар, көп жанрда тер төгіп жүрген, кең тынысты, желісті мінезді жазушы.

**Мырзатай СЕРҒАЛИЕВ**



Жазушы жантанушы десек, Әкім Тарази – психолог қаламгер. Оның кейіпкерлері сөзге сараң, іші бай, тебіреніс, ұмтылысқа жақын тұрады. Еліре көп сөйлеуден гөрі, егіліп қиялдауға, екпіндей ұрандаудан гөрі, елжірей сырласуға шақыратын саналуан қаһармандар легі оқушысы мен көрерменін ылғи да өзгеше көңіл-күйге бөлейді. Өзінің ұлттық әлемін, өскен ортасын, ата-баба дәстүрін, болмыс-бітім, ажар бояуын тек жергілікті шеңберде қарастырмай, шығармаларын барынша бүкіладамзаттық ауқымда, философиялық мазмұнда, көркемдік, реалистік бағытты нысанаға ала отыра қалам тартатын жазушының стильдік ерекшелігі қашанда оның дербес қолтанбасын айқын танытып отырады.

Оның сөз етер негізгі өзегі – таза адамдық болмысты дәріптеу, сатқындыққа, күншілдікке, екіжүзділікке қарсы күресу, қоғам, ел алдындағы міндетті көтерер тұстағы адамдық ара-қатынастар, кереғар көзқарастар қақтығысын көз алдына жайып салу.

### **Әшірбек СЫҒАЙ**

Әкім Тарази әлемі – танымы терең, талғамы нәзік, кірпияз әлем.

Әкім Тарази әлемі – ұқсамайтын тағдырлардың ұйқаспайтын мінезін «тайға басқан таңбадай етіп» анықтар, от пен судың, ыстық пен суықтың, махаббат пен зұлымдықтың, аярлық пен адалдықтың, қаталдық пен мейірімділіктің, қасірет пен қайғының күн мен түндей қатар өрілген ғажайып әлемі.

### **Нұрлан ОРАЗАЛИН**

Әкім Таразидің бұл пьеса – драматургиядағы дебюті. Кейбір адамдардың қанына сіңген келеңсіз жайларды әшкерелеген шығармасының атын «Күлмейтін комедия» деп тауып қойған екен. Шынында да, бұл – әлсіз адамдар басындағы трагедия. Сол трагедияға батыл шабуыл жасаған жас драматургтің алғашқы қадамынан, оның келешекте бұдан да ірі проблемалық мәселелерді сахна бетінде көтере аларлық таланты байқалады.

### **Сәкен ЖҮНІСОВ**

Әкім Тарази жеңіл оқылатын суреткерге жатпайды. Тілі жатық, жеңіл оқылғанымен, ой астары жер қыртысы сияқты түрлі-түсті қабаттың сырын аңғартады. Меніңше, өмірбаяны таяз, көргені мен түйгені аз адамнан суреткерлік шықпайды. Суреткер сүзгіден өткендей тазарып барып, сол тазару жолында талай бәле-жаладан, қауіп-қатерден, қиянаттардан сүрініп өтіп, сүрленген тұста, азапты жеңіп, не жеңілген тұста ғана суреткерлікке қол жеткізер.

**Роза МҰҚАНОВА**

Умение передать ситуацию скупыми выразительными средствами художественной речи, не принимая красочных метафор и эпитетов, не злоупотребляя цветистыми фразами, максимальная емкость манеры письма, - вот, на мой взгляд, главные составляющие его таланта как истинного мастера слова. Совет для тех, кто не знаком с творчеством писателя, - прочитайте для начала его новую книгу «В тени протуберанца». Вы полюбите ее с первой страницы.

Аким Тарази – крупный прозаик. Человек, который глубоко проникает в тему, он мастер глубинного анализа. Человек, который не гонится за внешним эффектом в литературе, а вдумчиво, скрупулёзно, терпеливо разрабатывает поставленные темы.

**Геннадий ДОРНИН**

Әкім аға бір тың идеяларды айтуға келгенде тым шебер. Бұрын айтылмаған, жазылмаған дүниелерді әдебиетке әкелді. Бұрын әдебиетте жоқ стилді әкелді. Бұрын әдебиетте жоқ кейіпкерлерді әкелді. Оның өзгешілігі өзгеден бөлек қолтаңбасы айқын көрініп тұратын жазушы.

**Талаптан АХМЕТЖАН**



Любое произведение Акима Тарази построено по принципу ловушки, выйдя из которой читатель чувствует настоятельную потребность попасть в нее вновь. В повесть, в рассказ читающий вступает как в некий азиатский храм, тайна которого навечно скрыта от взгляда посторонних людей.

**Вера ГАЛАКТИОНОВА**

Әкім Тарази жан-жақты жазушы. Әдебиет пен өнердің барлық қалтарысына дейін бойлаған. Әдебиет пен өнердің (өзі қолға алған, айналысқан) барлық салаларында не барын, не жоғын зерттеген, іздеген және тапқаны анық көрінеді.

**Сейілғазы ӘБДІКӘРІМОВ**

Әкім ағамыз үшін туған өлкесі, қанат қаққан қасиетті Әулие ата өңірі қашанда қымбат. Ол кісі облысымыздың Құрметті азаматы, аймақтың нағыз патриоты, ізгі тілектесі, жанашыры.

**Қанат БОЗЫМБАЕВ**



## АКИМ АШИМОВ ОБ АКИМЕ ТАРАЗИ

Биография моя удручающе банальна, то есть – чисто советская. С 5 до 8 лет был октябренок (сыном Октябрьской революции), с 8 до 14 лет – пионером, с 14 до 25 лет – комсомольцем (коммунистический союз молодежи имени В.И. Ленина), дальше – членом партии, естественно, коммунистической. Даже занимал номенклатурные должности, возглавлял творческий Союз кинематографистов Казахстана. Но, уважающий себя писатель подобен океану: на поверхности штиль, игра солнечных бликов, но там – в глубине фантастогорический мир, рыщут акулы, кишат крокодилы, там, в глубине незаметно образуются катастрофические тайфуны, тектонические «сдвиги». Сейчас, оглядываясь с вершины моего возраста, я с гордостью констатирую, что ни в одном из моих произведений самый придирчивый критик не найдет ни малейшего реверанса в сторону той жуткой всевидящей тоталитарной мачехи – Советской власти. Какой-то малой части моего народа удалось выжить из кошмара, «устроенного» самой демократической властью (1932 год), эта малая часть некогда могущественного этноса благодаря Большой Судьбе делает первые робкие шаги, чтобы стать в ряды действительно Свободного Содружества свободных наций. Писать начал уже в зрелом возрасте. Однажды в начале мая 1962 года меня пригласил в свой кабинет директор Высших сценарных курсов СССР (я там уже учился два года), легендарный советский разведчик Михаил Борисович Маклярский. И, как-то добро, беззлобно, улыбаясь сказал: «Акимом ты был, Акимом и остался, казах лихой, орел степной...» Эти строки из песни к фильму «Кубанские казаки» часто цитировались моими сокурсниками при обращении ко мне. Я молчал. Я ждал. Директор, чуть нахмурившись продолжал: – Через 20 дней мы вас всех выпустим. Диплом об окончании Высших сценарных курсов Министерства культуры С. С. С. Р. (директор так и произнес каждую букву в отдельности) вам вручит сама Екатерина Фурцева! Понимаешь, Аким, «орел степной», сама Екатерина Фурцева! Член Политбюро Це... Ка... Ка... Пе... С... С... С... эР... Понимаешь, степной ты ... орел?! А ты... степной орел... до сих пор не предоставил руководителям ни одной строки... сценария! – Так я же напишу! – сказал я. – Когда же ты напишешь? – Дайте мне 10 дней! – сказал я. И на самом деле на следующий день утром я уже сидел в библиотеке имени Ленина в Москве. Прихожу рано утром, ухожу из библиотеки самым последним в 11 часов ночи. Так я за десять дней написал сценарий художественного фильма «Следы уходят за горизонт». Это мое первое художественное произведение. Мне всегда везло на хороших, преданных друзей. Но мне всегда везло «и на коварных» врагов, которые

околачивались, вертелись, крутились вокруг меня. Когда вышел первый мой роман «Тасжарган» в течение всего одного месяца были написаны два, как казахи говорят «домалак арыз», доноса, без указания фамилии авторов. Оба письма почему-то состояли из 32 пунктов. В то время я уже занимал большой пост на уровне министра: Первый секретарь Союза Кинематографистов Казахстана. Одновременно являлся секретарем Союза Кинематографистов СССР. Мне позвонил один из таких моих «друзей», работавший в то время в Центральном Комитете Компартии Казахстана. И мягко, очень льстивым, вкрадчивым голосом пригласил «зайти к нему». На следующий день я сидел у него в кабинете. Он подал мне письмо. Как я уже сказал, это письмо состояло из тридцати двух пунктов и в каждом пункте звучала пугающая угроза. Он в письме перечислял все мои грехи, которые я допустил в книге «Тасжарган». В конце письма указана была фамилия, имя, отчество, даже адрес человека, вынесшего мне приговор: профессор Гурьевского педагогического института. Под вторым письмом, который через пятнадцать дней поступил на мой домашний адрес, указывался: «рабочий Джамбульского химзавода». Я потом узнал, что такого профессора и такого рабочего в Казахстане и близко нет. Писатели моего поколения начали писать в годы «хрущевской оттепели». Но после оттепели, конечно, снова наступили холода и морозы. Все мои пьесы ставились в театрах Казахстана, но их жизнь всегда обрывалась после первой или второй премьеры. На съездах, пленумах Союза писателей Казахстана моя фамилия всегда упоминалась 36-м, 37-м, 38-м номером в большом списке прозаиков, драматургов или кинематографистов. Так, в «сопровождении» молчания появились мои романы «Қиянат», «Жаза», «Жаңбырлы түндер», «Москва-Баласаз», драматургические произведения и спектакли, поставленные по ним, как «Везучий Букен», «Несмешная комедия», «Хороший человек», «Лайнер», «Люстра». Фильм, снятый Мажитом Бегалиным по моему сценарию «Следы уходят за горизонт», был принят в штывки и демонстрировался только в одной Архангельской области Российской Федерации. Путь этому фильму навсегда был закрыт на международные кинофестивали, хотя этот фильм был назван кинокритиками как классическое произведение Мажита Бегалина. Чем круче, запутаннее и труднее дорога, тем интересен, даже радостен путь писателя.

Трудности, как известно, вдохновляют.

**Акселеу СЕЙДИМБЕКОВ**

## **АРМАНЫҢ АҚ ЖЕЛКЕНІ**

*Жазушы Әкім Тарази 50 жаста*

Әкім Тарази әдебиетке екпіндеп, ентелеп емес, сабырмен, сеніммен келген суреткер. Сол жолда май түбіт қауырсынын тұғыр түбіне төге салмай, іштей түлеп алып, тайғақсыз тегеурінімен көрінді де, жұртшылықты өзіне қаратты. Содан бері оқырман қауымның Әкімнен көз жазған немесе көңілі қалған кезі жоқ. Шырғаға тартқан сайын ширайтын қырандай, әрбір жана шығармасы оның топшысын бекітіп, тұғырын биіктетіп келеді. Бүгінде бояуы қанық, өрісі шүйгін қазақ әдебиетін сөз еткенде Әкім Тарази творчествосын айналып өтсек елеулі олқылық болар еді.

Жалпы өнер табиғатына тән даму, толысу жағдайы бүгінгі қазақ әдебиетіндегі өзекті-өзекті екі түрлі сипатымен тұлға танытып отыр. Бірі – бұрыннан қалыптасқан желілі дәстүрді жалғастыра отырып, сол дәстүрді алтын тұғыр ете отырып, жаңа өрістерге шығуы. Екіншісі – қалыптасқан дәстүрді саналы түрде орай өтіп, белгілі дәрежеде жаңашылдық өрнектердің бой көрсетуі.

Әкім Тарази болса өзіндік жазу мәнері, әлеуметтік-парасаттылық мәселелерді игеруі, соған лайықты көркемдік образдар сомдап, сонысы шайқалмаған өрістерге шыға алуы тұрғысынан келгенде бұрыннан қалыптасқан желілі дәстүрлерімізге ден қойып жүрген жазушы. Қашанда жақсыны жақсы деу оңай. Мәселе сол жақсының өмір танытқыштық, адам танытқыштық, қоғам танытқыштық қуаты қандай, сыры неде екенін саралауда болса керек. Әкім еңбектерін оқып, ойға түсіргендегі кейбір әсерлерімізді осы тұрғыда ортаға салмақпын.

Әкім Таразидің суреткерлік шалымы алуан қырлы. Оның қаламынан туған очерк, әңгіме, повесть, роман, пьеса, киносценарийлер жұртшылықтың рухани игілігіне қызмет етіп жүр. Бұл жанрлардың қай-қайсысы да ол үшін өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдыруда



оңтай «құралдар». Оның суреткер ретіндегі алуан қырлылығы осынау алуан жанрдың қайсысына білек артса да, әрі шыншыл, әрі шартты, әрі көнекөз, әрі замандас болып таныла алатындығында.

Бір шындықты жасыра алмаймыз: рухани жетіліп-жетіккен сайын бүгінгі мейлінше толысып, күрделенген әлеуметтік, экономикалық ортада қаламгер қауымы өзіндік «менді» көлденең тартқыш болып барады. Бүгінгі өмір құбылыстары, кездесулер мен көзкөргендер өзіндік «меннің» көрініс табуына сылтау ғана сияқты. Бұл не?! Үлкен өмірге жақын келіп, жанаса тұрып жазудан тайсақтау ма, жоқ болмаса, жаңағы жетіліп-жетігудің көркемдік соны өрісі ме? Қалай десек те суреткер творчествосында шындық пен топшылау, өмірлік айғақ пен ассоциация тоғыспаған жерде үйлесімді өнер болмақ емес. Әкімнің көп қырлы творчествосының ең басты қасиеті – өмір шындығынан іргесін ажыратпайтындығы. Ол естігенін көріп барып, сезгенін ұстап барып, бүгінгі өміріміздің аңызға бергісіз шындығына араласып барып қолына қалам алатын суреткер. Сондықтан да ол қай шығармасында да аз аядан екпін алып, шағын өмір үйірімінен Үлкен Өмірдің лебін таныта алады. Әкім творчествосының тамыр-тегін бұрыннан қалыптасқан желілі дәстүрімізбен жалғастықта қабылдауымыздың осындай сыр-сипаты бар. Төл әдебиетімізде Бейімбет, Саттар салған көркемдік дәстүрдің жалғасы Әкім творчествосында көрініс тапқан.

Әрине, дәстүр сабақтастығы мейлінше киелі де күрделі процесс. Дәстүрді жалғайтын ұрпақ сол дәстүрді рухани тұғыр ете отырып, дүние дидарына жаңаша құлақ түріп, жаңаша көз салып, жаңаша ой зерделете алуы қажет. Онсыз кез келген бұланай дәстүр өткеннің ескерткішіне айналады. Дәстүрі ескерткішке айналған ортада түссіз, иіссіз, дәрменсіз тобыр ғана қалады. Әкім Тарази творчествосын жақсы дәстүрдің жалғасы ретінде қарататын себеп те өткендегі асылға арқа тірей отырып, бүгінгі өміріміздің қайнаған ортасына із сала білетіні. Ол уақыт тынысын, адамдардың ой-аңсары мен психологиясын сырттай бақылап баға беруден өзін аулақ ұстайды. Таңдаған ортасына араласа жүріп, адамдардың өз жанына өзін үнілтуге ден қояды. Әкімнің прозасы сан иірім-қайырымдардан тұратын кесте сияқты. Әр иірімі өзінше өрнек таныта тұрып, бірімен-бірі үйлесім тапқан тұтастық құрайды. Бұл ретте Әкім Таразидің барлық жазғандары тұтас бір шығарма сияқты әсер береді. Оның жалғасы өмірдің өзіндей шексіз. Мұндай тұтастықта қарататын басты себеп – автордың суреткерлік нысанасының жалтақсыз сеніммен сараланғандығы, таңдаған тақырыбына беріктігі деп білеміз. Бұл жерде тақырып дегенде жазушының өзі көрген, өмір сүрген уақыты мен қоғамның тіршілік-тынысына ден қойғыштығы айтылып отыр.

Қазір әйтеуір «сарыны түзу» идеяға табан тіреу жеткіліксіз. Ғылым мен техника мүмкіндігі өнер өрісін мейлінше кеңейтіп жіберген бүгінгі таңда кемелдік пен көркемдік бүкіл халықтық талғамға ұласып отыр. Содан да болар, жазушы өз шығармаларында «дұрыс» дейтінін де, «бұрыс» дейтінін де нақтылы әлеуметтік адреске арнайды. Сондықтан да оның кейіпкерлері аз аяда бой көрсетіп, өмірдің өзіндей шынайылығымен, таныс-бейтанысына айналып үлгереді. Ол сомдаған кейіпкерлердің эмоциялық әсері башайының ұшымен жүруді білмейтін табиғилығында ғана емес, сол кейіпкерлердің тіршілік-тынысы өтіп жатқан әлеуметтік ортаны да қамти көрсете алуында.

Иә, өмірден көріп, түйгенді өнерге айналдыру үлкен шеберлік. Бұл орайда Әкімнің суреткерлік қолтаңбасын жазбай тануға әбден болады. Ә дегенде оның жазып отырғаны әдеби көркем дүние емес, өмір құбылыстарының мың сан көріністерінің ретті-ретсіз ағымы сияқты әсер береді. Оқиға желісін өрбітіп отырған автор емес, жеке адамның әмір-еркінен тыс объективті әлемнің өз заңдылығы сияқты қабылдайсың. Сол объективті әлем аясында «махаббат пен ғадауат майдандасқан» үлкен өмір барша болмысымен көз алдында өтіп жатады. Автор осынау өмір ағысын қақпалап-қайырмайды, көркем шығарма жазып отырмын-ау деген ой қаперіне де кірмейді. Керісінше, өзі де сол үлкен өмірдің бір бөлшегі сияқты ағып бара жатады. Содан шығарма оқылып бітеді, сол сәт көріп-білгендерің, танып-түйгендерің, санаңда жаңғырығып, бас-аяғы бүтін, эмоциялық әсері мол, логикасы мықты, айтары айқын көркем шығарма ретінде жүрекке орнығады. Жүрекке орнығып алады да, өмірден түйген тәжірибең сияқты тіршілік-тынысыңның көмекші бағдаршысына айналады. Жақсылықты бар болмысымен ту еткен Сәнжан да, қарапайым Кірпішбай да, зерделі әрекеттің адамы Омар да, сері Сұлтан да, асыл сезіміне берік рухы үндескен Ұлмекен де, немесе қара башайына дейін қулық пен сұмдық ұялаған Әбілез де, қалбалақтаған қаугөрік Мамыржан да... – бәрі-бәрі алуан түрлі әрекет-кылығымен, бітім-болмысымен енді нақтылы өмір шындығындағы прототиптерін көз алдыңа келтіреді. Асыл мен жасықтың, өміршен мен өткіншінің парқын айыруға көмектеседі. Міне, нағыз өнердің өмір танытқыштың қасиеті мен эстетикалық ықпалы дейтініміз осы болса керек.

Әкім Тарази өзінің тырнақалдысы «Пистолет», «Құйрықты жұлдыз», «Үлкен ауыл» повестерінен бастап «Тасжарған» романына дейін оқырман қауымға оншақты кітап ұсынған қаламгер. Мұның сыртында «Күлмейтін комедия», «Жақсы кісі», «Жолы болғыш жігіт», «Хантәңірі» сияқты пьесалары, «Көкжиекке асқан іздер», «Қараш-қараш» сияқты киносценарийлері тағы бар. Әкімнің суреткерлік шеберлігі мен өмірлік



позициясы драмалық туындыларында да әсте солғын тартпай, жанр табиғатына тән айқындық пен эмоциялық әсер бел алып жатады. Ол алпысыншы жылдары қазақ сахнасына адам мен қоғам туралы АЙТАТЫН тарихи-романтикалық сарындағы пьесалардың қатарына адам мен қоғамды КӨРСЕТЕТІН пьесаларды қолдаса көтеріп шыққан драматургтеріміздің бірі.

Нағыз өнерге қолпаштың керегі жоқ. Оның есесіне әлпештеу қажет-ақ. Әкім творчествосының әлпештеуге лайық бір парасы оның автобиографиялық әңгімелері. Ес кіріп, еңсе көтерген балалық бал дәурені Отан соғысының ауырлық-тауқыметімен тұспа-тұс келген бұл ұрпақтың көргені көп-ақ. Айтары таусылмастай. Өйткені Әкімдер соғыс кезінде әкелері майданға аттанған, қара жолға жәудірей көз тігіп, сол жолды өздері басып өтуге іштей дайындалған ұрпақ. Бәлкім содан да болар, Әкімнің автобиографиялық әңгімелеріндегі Сарманкүл бейнесі өзінің адам сүйгіштігі, Отан сүйгіштігі, өмір сүйгіштігімен айрықша сезімге бөлейді.

Соңғы кезде жазушы Одақтағы алып өндіріс ошақтарының бірі Қаратау – Жамбыл территориялық-өндірістік комплексіне бауыр басып алған сияқты. Қалам тартар объектісінің қасында болу оның суреткерлік өмір салты. Баспасөз беттерінен бұл қадамының нәтижесін де көре бастадық. Автор бұл шығармасын «Кен» деп атап, жанрының роман екенін саралап қойғанға да ұқсайды. Асылы, бүгінгіні көрсету, бүгінгінің ең соңғы ғылыми-техникалық жетістігіне арқа сүйеген ірі өнеркәсіп ошағын көрсету қиын. Одан да қиыны – өмірде бар адамдардың тағдыр-табиғатына қылдай қиянат жасамай көркем дүние ұсыну. Бәрінен де қиыны – сол шындық шежіресін жаза отырып, құлаққа жағатын, жүрекке жететін, ой-идея айта білу. Әкім осы қиындықтарға бел шешіп, білек сыбана кірісіп, тәуекелдің жел қайығын өмір айдынына шығарыпты. Біз Әкім Таразидың суреткерлік тегеурінін, азаматтық табандылығын жақсы білгендіктен де ол мінген жел қайық ақшаңқан желкенін керіп, нысаналы тұстан табылатынына кәміл сенеміз.

*1983 ж.*

## ҚАЛАМДАС ТУРАЛЫ СӨЗ

Осыдан қырық жыл бұрын бізді алғаш таныстырған Қалихан Ысқақов еді.

Мына отырған мықты Әкім Әшімов деген жігіт, – деді қарсы алдында биіктен қарағандай боп нығыз отырған топ-толық әдемі жігітті нұсқап. Сөйдеді де, өзі аузындағы сигаретінің түгінін тұншығардай сорып бұрқылдатып алды да, тұқылын онсыз да асып-төгіліп тұрған күлсалғышқа мыжғылай салды. – Қазір бұл Әшімов деген фамилиясын документтерінде қалдырып, шығармаларында «Тарази» деп қол қоятын бопты. Мәскеуден оқығандағы үйреніп келгені болу керек. Сірә, нашар жазар болсам, әкемнің атына кір келтірмейін дегені шығар, – деді сөзінің аяғын қағыта әзілге бұрып.

Әкім күлімсірей отырып:

– Әй, мен саған қазақтың көне қаласы Таразының атын еске салу үшін алдым дедім ғой – деді.

– Бізге енді сөйдейсін, ал ішкі есебің әлгіндей ғой, – деп Қалихан оған дес бермей қарқылдай күлді.

Әкім онымен сөз таластырып даурыққан жоқ, қосыла күлді де қойды. Мінезінің салмақты, артының мықты жатқанын осы күлкісімен-ақ сездірді.

Кейіннен біз баяғыдан, бала күннен бірге өскендей етене дос болып кеттік. Сөзіміз жарасты, әңгімеміз жарасты. Ол өз шығармашылығы туралы жарытып ештеңе айтқан жоқ, ал, жалпы әдебиет туралы, сол алпысыншы жылдарда бүкіл Кеңес Одағы бойынша «төртінші буын» атанған шығармашылық өркен туралы ой-пікірлері байсалды да орнықты еді. Ол мақтауға да, сынауға да қызынбайтын, өзінің ойын нақтылы дәлелдерімен түйіндейтін.

Бірде Қалихан маған қолжазба алып кірді.

– Қолың тисе, мынаны оқып көрші, әлгі Бүлкілбайдың шатпағы екен, – деді.

– Бүлкілбайың кім? – деп едім.

– Әкімді айтамын да, – деді Қалихан, – Киношниктердің қойған аты екен. Дәлірек айтсақ, Мәжікеңнің – Бегалиннің қойған аты көрінеді. Өзің көрдің ғой, аспайды да, саспайды да, бір қалыптан айнымай бүлкілдейді де жүреді. Қытығына тиейін деп, өзі туралы не айтсаң да мыңқ етпейді, «солай ма еді», – деп күледі де қояды, – деп сырттай риза көңілін білдіріп,

Қалихан рахаттана күлді. – Бұл әлі осы бүлкілімен-ақ нағыз ұзаққа шабатынның өзі болады.

Сөйтіп, Қалихан қалдырып кеткен бес-алты баспа повесті кешкісін үйге қайтқан соң асықпай оқуға кірістім. Повестің аты «Құйрықты жұлдыз» еді. Тіксініп қалдым. Көркем шығармаға қойылған мұндай тосын атты жатырқай қабылдағаным анық. Ғылыми фантастика болар, деп топшылағам. Алайда, повесті оқи бастағаннан-ақ әлгі жатырқау да, күдік те жайына қалды. Өзгеше бір жазу мәнері бар, оқушысын мүлт жібермей арбап, тартып отыратын иірімді оқиға өзінің ішкі жұмбағына үйіре бастады. Шығарма оқиғасының жұмбақталып өрбігені, кейіпкерлерінің бір-бірімен қарым-қатынастары, іс-әрекеттері, сөйлеген сөздері – бәрі де жұмбаққа толып тұрған тәрізді. Бұл, шығарманы оқып отырғанда алатын әсерің, «апыр-ай, бұл қандай жұмбақ өмір?» деп әрі қарай білгің, көре түскің келеді. Өйткені жазып отырған оқиға да, оның ішіндегі кейіпкерлері де қаз-қалпында көз алдыға келеді. Ал, шығармадан бас көтеріп, ой жіберіп қарасаң, еш күмән жоқ, бар оқиғасы да, кейіпкерлері де таныс, бейтаныс, күнделікті өмірде өзімізге жиі ұшырасып жүрген жайлар. Тек, мына автор соның бәрін жіті көрген, таңдай білген, ал онан өзге ешкім байқамаған да, көрмеген де. Мәселен, повестің бас кейіпкері Сәтжан сол кезде менің құрбыласым, мінезі ақжарқын, ойы сергек, заманына ой көзімен де, сын көзімен де тіке қарайтын өжет мінезді жігіт, алайда өзінен басқа ешкім сезбейтін, ешкім ұға алмайтын ішкі жұмбағы бар, тіпті түсіндірші, айтшы десең, өзі де түсіндіріп, айтып бере алмайтын сияқты. Ал оның кіршіксіз тазалығына, адалдығына, ақылдылығына күмәнсіз сенесің. Демек, бұл ол кезеңнің алға шығар қаһарманы. Сол сияқты, оның антиподы – Кірпішбайға қараңыз. «Ә» дегенде Кірпішбайы несі, деп атын ұнатпай қаласыз да, біртіндеп: «әй, дәл өзі ғой, Кірпішбай десең, Кірпішбай ғой, оны басқаша атау мүмкін емес қой», - деп жазушының тапқырлығына, Кірпішбайдың аты да, заты да мүлтіксіз екеніне риза болып, кәміл сенесің.

Мен повестің бас кейіпкерлерін ғана еске алдым, ал қалған жанама кейіпкерлердің әрқайсысы талдауға тұрарлық әрқайсысының типтік қасиеттері барын айтар едім.

Адам өзіне әсер еткен нәрсені ешуақытта ұмытпайды, сол бір қырық жыл бұрынғы қыркүйек айының соңғы күндеріндегі кеш менің есімде ұмытылмастай боп қалған. Мен әдебиетіміздің есігін бұлқынбай, жұлқынбай жайбарақат ашып кірген тамаша бір талантпен осы алғашқы повесть арқылы танысқанымға қуанған едім. Осы кезге дейінгі замандастарымды оқығанымда, бір-бірімізге ұқсап кететінімізді, кейде аға жазушыларымызға еліктеу, солықтаудың іздерін байқап, әзілмен іліп-шалып кететінімізді еске алдым.



Ал, мына Әкімнің повесінде біреуге ұқсаудың, яки еліктеудің нышаны да жоқ. Мен сол ғажап повестің әсерімен түн жарымынан ауса да Қалиханға телефон соқтым.

– Ұйықтап қалған жоқсың ба? – дегем.

– Жоға, бірденені шатпақтаған боп отыр едім, – дейді. Мен оған Әкімнің повесінен алған әсерімді айтып: «Осы уақытқа дейін бұл қайда жасырынып жүрген жазушы?» - десем, Қалихан да мәз болып: «Айттым ғой, өзіне, бұл әлі осы бүлкілімен-ақ алысқа шабады» деп, – дейді. – Мұның «Тұлпардың ізі» деген толықметражды кинофильмі де түсіріліп болған көрінеді. Жақында экранға шығады, – деді.

Қайран Қалиханым-ай, Қалағам-ай, ә, мұның білмейтіні де, естімейтіні де жоқ-ау, деп қайран қалам, сүйсінем. Оншақты күннен бері Алматының ой-қырын бірге аралап, сүйікті қаламыздың мейрамханалары мен кафелерінің дәм-тұзын бірге татып жүрсек те, жаңа досым Әкім өзінің мынадай ғажап повесть жазғанын, сценарий бойынша көркем фильм түсіріліп жатқанын айтпаған еді. Бұл да Әкім мінезінің жата беріс тастар қырының бірі болатын.

Көп ұзамай «Тұлпардың ізі» фильмін көрдік. Қоюшы режиссері – қазақ өнерінің тарланы Мәжит Бегалин еді. Әкім арқылы ол кісімен жақын танысып, кино қайраткерлерімен араласуымыз басталды. Әкім киностудияның бас редакторы боп тағайындалғаннан кейін директоры Камал Смайылов, қазақ жазушыларының үлкені бар, жасы бар бір тобы киноға қызметке келді. Жылына бірлі-жарым өлмеші фильмдер түсіріп, ілдалда күн кешіп келген «Қазақфильмнің» өнімді де өнерлі кезеңі сол жылдарда бастау алды. Қазақ киносының негізін қалаған атақты Шәкен Аймановтың «Алдар көсе», «Атаманның ақыры», сценарийін Олжас Сүлейменов жазған «Атамекен» фильмдері, тамаша режиссер Мәжит Бегалиннің «Шоқан Уәлиханов», «Мәншүк» туралы фильмдері, Сұлтан Қожықовтың «Қыз Жібек» фильмі, Әкім сценарийін жазып, қырғыз режиссері Болот Шәмшиев түсірген М. Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» фильмі, Б. Соқпақбаевтың повестері бойынша Абдолла Қарсақбаевтың балаларға арналған «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» - сол жылдардағы ұйымшыл киностудия ұжымының, оның жас басшыларының нәтижелі еңбектері еді. Әкім киностудияның шығармашылық басшысы ретінде көзге түсті. Өзінің шығармашылық жеке еңбегімен қатар, қызметтегі мәнсабы да дүрілдеп өскен. Басқа қызметтерін айтпағанның өзінде, жетпісінші жылдары ол Қазақстан Кинематографистер одағы басқармасының бірінші хатшысы қызметін он жылға жуық атқарды. Сол жылдары баспадан оның «Үлкен ақыл», «Асу-асу», «Қиян соқпақ», «Бұлтқа салған ұясын», «Тасжарған», «Қыз махаббаты», «Басынан



Қаратаудың», «Кек» тәрізді кітаптары жыл аралатып шығып жатты, ол аз болса, Алматының республиканың облыстық театрларының сахналарында : «Күлмейтін комедия», «Жақсы кісі», «Жолы болғыш жігіт», «Қос боздақ» және басқа да пьесалары қойылып, драматургия жанрында да айтарлықтай еңбек етті. Ал, мұнша еңбек үлкен лауазымды қызмет атқарып жүрген адам үшін оңай емес екені айтпаса да белгілі.

Камал Смайылов пен Әкім Тарази басқарған жылдарды қазақ киноөнерінің қазақ тіліне ауысу жылдары деуге болады. Мәскеу шенеуніктерімен бірде айтысып, бірде тартысып жүріп, екеуінің ұлттық киномызды жаңа белеске көтергенін зерттеушілер әлі талай жазатын болар.

Қоғамдағы орны, қызметі қанша биіктегенімен автордың қолындағы қаламының босаңсығанын сезсе, оқырманнан кешірім болмайтыны белгілі. Қайта, керісінше, шығармашылығының да жоғары болғанын қалайды. Бұл тұрғыда Әкім Тарази өз оқырмандарының діттеген жерінен көрініп отырды. Жазушының тіл байлығымыздың көне бастауынан нәр алып, мөлдірете баяндайтын жүрекке жылы стилі әр шығармасында дараланып тұратын. Оны ешкіммен шатастырмай-ақ бірден танитынсыз.

Жоғарыда айтқанымыздай, «Құйрықты жұлдыз» повесінің астарындағы жұмбақ сыр жазушының кейінгі шығармаларында бұрынғыдан да гөрі тереңдеп, кейіпкерлерінің іс-әрекеттері де ірілене түскен. «Үлкен ауылдағы» Мэлс, «Асу-асудағы» Қодарқұл, Сері, Сұлтаннар төңірегіндегілерді Сәтжан сияқты келеке мазақ етіп қана қоймайды, бұлар ымыраға келместен күрес ашады. Міне, осы тұста жазушы шығармаларының астарларындағы жұмбақтың шетін шешкендей боласын. Ол автордың қазақы керенаулыққа, құлықсыздыққа, топастыққа деген ызасында, өштігінде жатыр екен. Кейіпкерлер арасындағы бітіспес күрес адам бойындағы екіұдай мінез бен әрекеттер айқасында екен. Осы бітіспес күресті жазушының барлық шығармаларының алтын арқауы деуге болады. «Бұлтқа салған ұясын», «Тасжарған», «Қорқау жұлдыз» романдарын оқи отырып, кешегі Кеңес өкіметі тұсындағы ауылдың, қаланың күнделікті тұрмысында болып өткен кеселдерді, адамдар арасындағы мысық тілеулестікті, олардың бір-біріне деген сұйіспеншілік-махаббаттарымен қатар, бірін-бірі аямас өрттей өштіктерін, қоғам игілігі үшін емес, жеке бастарының болымсыз күйкі тірліктері үшін қанды кезептікке баратындарын жазушы толғамды оқиғаларды саябыр салқын суреттей отырып көз жеткізеді. О бастағы алғашқы повесіндегі жұмбақ сырлар осылайша бүкіл шығармашылығын бойлап кеп, трагедиялық оқиғаларға астасып, біртіндеп шешілгендей әсер етеді.

Мен өз басым, жазушының барлық шығармаларын жазылу жылдарына қарай ретімен тізіп, томдап шығарар болсақ, үлкен бір шығарманы оқығандай әсерде болар едік деген ойға келем. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында «Құйрықты жұлдыз» повесімен басталған, күрделі де жан-жақты, жүзге тарта кейіпкерлері бар сан алуан тағдырлары, қилы-қилы жылдарды бастарынан кешірген адамдар өмірінің тарихымен танысар едік. Бір қарағанда, айқай-шуы да жоқ, саясатқа да пәлендей араласы шамалы жәй көзге тыныш көрінген, бұйығы жатқан өмірге жазушы үлкейткіш әйнек арқылы үніле зер салып, небір жантүршіктірер жәйлерді ашады. «Лима мысқылдай күлді. «Енді маған бәрібір, мама. Өзіңді күт, денсаулығыңды ойла, папамды күт, аяқ-қолы сырқаушы еді. Соған мұқият болшы! Ал, маған кінә қоймаңдар, мен ұлы жолға бет алдым, ұлы жол!».

Енді, келіншек саспады, абдырамады. Пешке от жаққандай немесе таң сәріде тұрып сиыр сауғандай немесе самауыр қайнатқандай... сабырлы қалпын бұзбастан, төбесінен төмен қарай канистрадағы бензинді сорғалата құйды. Міне, бұл ауыр бір трагедиялық халдің ең соңғы түйіні. Онан әрі жап-жас келіншек от қойып өзін-өзі өртейді. Ал, осы келіншектің өзін-өзі өртеуіне себепкер адамдар «Аудан орталығына соғып, бүкіл бір аймақты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отырған күдіретті туыстарына жолығып, болған істі баяндап, солармен ақылдасып, кеңесіп, ақырында көршілес ауданның басшыларына сөз салып, Бекабадта ешқандай өрт болған жоқ, ешқандай өртенген әйел болған жоқ, өртенген әйелді көрген ешкім жоқ, деп өртті де, дертті де басып тастаудың амалын тапты» деп аяқтайды автор трагедиялық повесті. «Қорқау жұлдыз» күні кешегі «өркендеген социализм» орнады деген еліміздегі көпке беймәлім халдердің бірі еді.

Сексенінші жылдың соңғы жылдарында, тоқсаныншы жылдардың алғашқы жылдарында біз Әкім екеуіміз Жазушылар одағының басшы қызметтерінде қатар жұмыс істедік. Оның мінезінің кеңдігінен, досқа, жолдасқа деген қалтқысыз адалдығынан үлгі-өнеге алуға болатын. Қандай іске болса да үлкен жауапкершілікпен қарайтын, жазушылар қауымының талап-тілектерін орындауға барынша мұқият қарайтын сергек жан екеніне, үлкендерге іні, замандастарына дос, жолдас, құрдас, жас өркенге аға, ұстаз, ақылшы бола білгеннің куәсі болдық.

Бүгінде кемелденген жас жетпістің биігіне шыққан кемел жазушыға мықты денсаулық, отбасына бақыт, шығармашылығына жаңа табыстар тілейміз.

2003 ж.

## «ПИСАТЕЛЬ – ЭТО ЦВЕТОК, КОТОРЫЙ РАСТЕТ НА КАМНЕ»

### 27-й разъезд

Станция называлась – 27-й разъезд. Что за разъезд, почему – разъезд? Непонятные у русских слова. Потом в школе объяснили: потому что разъезжаются отсюда поезда в разные стороны. Это да, не стоят на месте. Отдохнут с минутку, как запаленные байгой кони, и снова куда-то умчатся. Тает в воздухе угольный дым, клочья сажи, как стая ворон, опускаются на землю. Паровоз похож на могучего нара-верблюда, взревет, пыхнет черным огненным духом, рванет ржавые вагоны и утащит их за собою. Лишь рельсы остаются, пахнущие горячим машинным маслом. Подрагивают, звеня. Они как две натянутые струны огромной, невидимой глазу домбры. Недолог, но тосклив этот звук. Он напоминает про отца. Вот так же пели рельсы, когда отец уехал далеко-далеко, на войну.

Эх, очутиться бы сейчас рядом с отцом! Но где этот город Мытищи, в котором обучают его на танкиста? Туда ли утянулся товарняк? Отец писал, что добирался до службы много дней и ночей. Слишком долго! Вот бы сразу, махом оказаться там!.. А может быть, он уже на передовой?..

Мальчишка подбирает засохшую ветку карагача, и ему вдруг видится, что это сказочный скакун-тулпар. Миг, и унесет под облака. И тополя, что выстроились вдоль их улицы, это вовсе не деревья, а богатырские стрелы. Да, меткие стрелы, ждущие наготове сильной руки воина, а лошина меж горных хребтов – колчан.

Но знает смысленный мальчуган, что врагов видимо-невидимо, как этих непролазных репейников обочь дороги, хвастливо задравших свои колючие головки. Пожалуй, одними стрелами их не возьмешь. И вот уже корявая палка в руках представляется ему автоматом. Он видел в кино, как бойцы строчат очередями из железных стволов, поливают фашистов свинцом. Но пули так быстро кончаются... Нет, его оружие грознее, такого еще никто не видывал! Он поднимает палку наперевес, жмет на сучок – и яркие, нескончаемые, ослепительные пули – светопули – летят в густые репы, поражают тысячи и тысячи, миллионы фашистов. И он спасает от гибели раненного на поле боя отца...

– Да, вот такое у меня было воображение. Светопули! Ни больше ни меньше... – улыбается себе восьмилетнему Аким Тарази. – Скоро семьдесят стукнет, а, честно признаться, мне до сих пор непонятны мои детские фантазии. Откуда сельскому мальчишке могло прийти в голову, что пули могут убивать светом? И я ведь ясно представлял себе

этот непрерывный ослепляющий поток... Впрочем, такие вспышки воображения возникали не раз. Помнится, когда я впервые увидел работающий комбайн, в мгновение ока представил себе подобную ему чудо-машину, которая не только скашивает пшеницу, но и тут же размалывает зерно, заквашивает тесто, разводит где-то внутри себя огонь – и вот уже из широкой трубы вылетают не золотые пыльные зерна, а свежеепеченные булочки, душистые буханки. Впрочем, всякая фантазия, если разобраться, основана на реальности, и я теперь думаю, что просто мне тогда кушать хотелось. Мы же полуголодные весь день бегали, что там триста граммов сыроватого хлеба...

### Дед Ашим

Откуда, из каких туманов вытекает река детства? Никто не узнает этого. Но глядь – она уже течет, плещет волнами, играет бликами, увлекая за собой под неоглядным, как жизнь, небом. И вот появляется на берегу этой реки дедушка. Родной дедушка по имени Ашим. Необычный на вид, голубоглазый, рыжий, в ауле таких больше не сыщешь. Бросает тебе под ноги потертый коврик, показывает, как стать на колени, раскрыть ладони. И читает долго-долго по старой торжественной книге. Как музыка, льются слова. Красивы они и благозвучны, только непонятны. «Повторяй за мной, -говорит, — это священный Коран». Стоит старику прочитать разок-другой, и мальчик уже помнит эти слова и звуки наизусть. И точь-в-точь читает стих за стихом. Дед Ашим доволен, оглаживает бороду. Но на улицу отпускает только после намаза.

– До шестого класса я еще помнил суры Корана, не зная по-арабски ни слова. Потом они начали стираться в памяти и развеялись, как сладкий дым. Но, что удивительно, любовь к исламу осталась.

Десятка два лет тому назад мне довелось составлять сборник прозы казахстанских писателей о детстве, опаленном войной, и тогда я прочитал повесть Акима Тарази «Двор Акберды» – про мальчика Бураша по прозвищу Квадрат. Озорного и серьезного, мечтателя и выдумщика. Двор его дедушки, в прошлом батыра, огороженный от поселка глухой глиняной стеной, был целым миром, в котором Бураш, сам того еще не понимая, познавал жизнь.

А снаружи мир тот состоял из двух улиц с одинаковым названием -Шанкаракши-первая и Шанкаракши-вторая, где обитал в бедности и тесноте простой сельский люд.

На 27-й разъезд они попали в самом начале войны. Отец, учитель, добровольцем ушел на фронт. Матери, Абиме, одной не прокормить было малых детей. Вот и подались к родственникам отца.

Разъезд находился в трех-четыре километрах от Джамбула по Каратауской ветке. Раньше никакой станции там не было, а просто стоял аул деда. Караозек – Черная лощина. Впрочем, в народе аул называли просто – Капал, по имени основателя рода, известного в крае батыра.

На самом деле дед Ашим, прототип Акберды, был не батыром, а муллою. До революции у него была мечеть. Еще дед Ашим учил детей в русско-туземной школе города Аулие-Ата, где заведовал мусульманскими классами. Но потом мечеть и школу закрыли, и дедушка остался ни с чем, если не считать малолетних внуков.

– Ну, и как он вас воспитывал? – спрашиваю у Акима Уртаевича.

– Строгим был, но в хорошем смысле. Как-то, помню, свернул я из клочка газеты самокрутку, набив ее конским кизяком. Разжег, принялся дымить, все мы тогда этим баловались... Дед увидел. Грозно, из глубины выдохнул: «У-у-о-о-ой!» – и крепко огрел по спине посохом. Следом понеслись проклятия. Я даже убежать не успел, растерялся. И такое у него лицо суровым сделалось, таким сильным голос стал, что до меня, мальчишки, вмиг дошло: то, что я делаю, страшный грех. И вот до сих пор не курю, не терплю курящих рядом с собою. А если случается прикоснуться к блестящей сигаретной пачке, тут же иду мою руки. Так что очень хорошо дед меня воспитал.

Внук запомнил такой случай. До войны, году в 40-м, начали строить железную дорогу до Каратау, к месторождению фосфоритов. Намечаемый путь должен был пройти по могилам предков. Узнав об этом, Ашим-ага кликнул сородичей, и они уселись на земле, не пуская строителей. Сидели три дня и три ночи не вставая. Но потом приехали солдаты на грузовиках и просто-напросто отнесли протестующих в сторону, метров за сто пятьдесят. Конечно, власти завели дело, попытались узнать, кто зачинщик. Дед Ашим скрывался от милиции на дальних отгонах. Однажды его чуть не схватили, однако родственница-старушка умудрилась спрятать бывшего муллу, принакрыв его в юрте одеялами и подушками. Благо, месяца через три-четыре все поутихло и от деда отвязались,

– И еще... наверное, после войны это было, – рассказывает Аким Тарази. – Прихожу из школы, а дедушка, как всегда, на завалинке сидит, греется на солнце. «Ну, чему сегодня учили?» – спрашивает меня, шестиклассника. «Говорили, что великий вождь товарищ Сталин – очень умный человек». Тут дед Ашим вдруг хитро так усмехнулся: «Если бы на его место в Кремле меня посадили, я был бы еще умнее».

Писатель становится задумчивым,

– Вообще, когда вспоминаю про дедушку, сразу вижу его на утреннем намазе, как по очереди, по старшинству он произносит имена трех своих

сыновей, ушедших на войну. Каждый день он молился за них. И двое уцелели, вернулись. Лишь старший сын Хабибулла погиб. После я узнал, что за какую-то провинность моего дядю хотели арестовать и он сам попросился в штрафной батальон. Стал пулеметчиком, дослужился до офицера, получил орден. Но в конце войны, где-то в Прибалтике, пал на поле боя. Отцу же моему повезло, лишь однажды ранило. Он дошел до Берлина, оставил свою подпись на Бранденбургских воротах.

Дед Ашим дожил до глубокой старости, крепок был, бодр, ни сединки в бороде. Все мечтал, что свожу я его в Мекку и Медину. Он умер в 1956 году, восьмидесяти трех лет от роду, да и то, можно сказать, не своей смертью. Так случилось, что один ретивый хозяйственник отдал приказ снести его мечеть. К храму, уже без купола, давным-давно приспособленному под склад удобрений, подогнали бульдозер. Дедушке сообщили про это. Он выскочил из дома и побежал в сторону мечети. А она в трех-четыре километрах от аула. Упал на полдороге. За ним было кинулись, но опоздали немного. Принесли полуживого, уложили на постель. Он только одно сказал: «Больше жить не хочу». Закрыв глаза и замолчал. И умер через три дня...

### Притяжение слова

Как и всякий сельский мальчишка, Аким в детстве мечтал стать батыром. Может быть, в наши продвинутые времена это покажется кому-то смешным, а тогда – было делом естественным. Теперь голову малышне заморочили Гарри Поттером и куклой Барби, а прежде детское воображение занимал мир народных сказок и легенд.

Дома по вечерам, вспоминает писатель, его тетушка Зергуль любила раскрыть книгу и почитать детворе. С одного-двух раз Аким запоминал услышанное и вскоре знал наизусть сотни две сказок. В школе, конечно, быстро подметили, что у мальчика прекрасная память, тем более что учительница Алия доводилась его дедушке дальней родственницей. Сидели они скопом в одной комнате, и малыши и старшекласники, – на всю школу дров не хватало. Хрестоматию по литературе у Алии вечно одалживали. И вот прочитает учительница школьникам сказание об Алпамысе-батыре, а на следующий день заставляет Акима повторить текст ученикам. Точно так же пересказывал он соклассникам эпические легенды про батыров Кобланды, Эдиге, Карасай-Казы. «В общем, был я у нее чем-то вроде магнитофона или диктофона, – улыбается Аким Уртаевич, – хотя тогда, конечно, про такие штуки мы знать не знали»

В повести «Двор Акберды» он «одарил» своей удивительной способностью младшего братишку Танкиста: этот молчаливый



большоголовый мальчуган всем взрослым в доме надоедает чтением стихов из древних поэм.

В книге четырехлетний Танкист трагически погибает-случайной жертвой Домашней свары. В жизни было не менее трагично: малыш умер в тяжелом 42-м году от недоедания. «В один день мы его потеряли...»

Однажды, во время войны, приехал к ним в поселок Иса Байзаков. Все собрались послушать знаменитого акына. До утра Иса пел стародавнюю поэму «Аркалык-батыр», и никто не сомкнул глаз. Потом певец уехал, оставив по себе всеобщее восхищение. Многим очень хотелось хотя бы еще разок услышать эту древнюю песнь. И вот прослышали, что, оказывается, внук муллы Ашима запомнил ее наизусть. По просьбе деда Аким напел легенду землякам, подыгрывая себе на домбре.

Так что тяга к слову имела у Акима с детских лет. И таилась до поры до времени, не торопясь проявиться. Видимо, прежде всего душа должна была наполниться впечатлениями, ведь давно сказано, что от избытка сердца уста глаголят.

... В девятом классе он, как полагается, влюбился. Но не один Аким тайком вздыхал по этой красавице-ровеснице... Издавна было заведено: объясняться в своих чувствах письмом, и непременно в стихах. Школьник попробовал что-то сложить в рифму, но быстро забросил: занятие оказалось трудным, слова не находились. Тогда его озарило: надо откуда-нибудь списать! Аким добросовестно перелистал толстенный том Джамбула, но ничего подходящего не отыскал. Седобородый акын славил социалистический труд, доблестную, армию, самоотверженность колхозников, а про любовь как-то помалкивал. Тогда юноша нашел полузапретного дореволюционного Абая. Тут было раздолье, стихи, словно пчелиные соты, сочились густым медом любви. Одно из стихотворений ему приглянулось особенно. Когда почти переписал его на тетрадный листок, в дом заглянул товарищ. Заглянул через плечо, оценил выбор и прекрасный почерк – и попросил ему тоже переписать стихотворение. Как не помочь другу... Словом, закончилось тем, что полкласса он обеспечил письмом в стихах. А закадычный дружок еще его же и опередил – первым передал письмо с объяснением предмету воздыханий. Потом скандал на всю школу, когда про все это узнали в учительской. Письма отобрал– и везде было одно и то же стихотворение Абая, и все были писаны одним почерком.

– И чем все это завершилось? – спрашиваю у Акима Уртаевича.

– Ну, директором школы все же был мой отец. Вызвал в кабинет, слегка пожурил...



Самое любопытное в этой истории – стихотворение, которым мальчишки объяснялись в любви девушке, было переведенное Абаем на казахский «Письмом Татьяны к Онегину»...

### Мудрый сапожник

– Писателем я стал, можно сказать, случайно... – как-то заметил в наших беседах Аким Тарази.

И впрямь, если проследить его молодость – сплошные метания. На отделение журналистики не поступил: не достало какого-то балла. Вернулся домой, пошел учителем в школу. Потом вдруг увлекся математикой. Физмат педагогического института. Проучился пару курсов и бросил, разобидевшись на одного из профессоров. Вновь учитель младших классов в захолустном ауле. Казалось бы, не выбраться из учительской лямки. Но энергия в нем кипела, и тут начались в судьбе иные повороты...

**Әкім Тарази:** Ол өзінің не істегенін білген жоқ деп ойлаймын. Ол теоретик емес, практик еді. Өмірдің ұңғыл-шұңғылын көп байқамайтын. Бастық боп жүрген адам ойлайды ғой, мен не деймін, сол болады деп. Ал бірақ оны заманы қыса бастады. Өзі қайта құруды бастап алды дағы, кейін қайта «қашты». Халық оны сынап бастады. Саяси мәселеде әйелінің ырқындағы адам сияқты көрінетін, шамасы әйеліне айтқан болар «енді мыналардың бәрін босатып жіберіп, өзімізге қиын болмай ма, а?» деген сияқты. Өйткені сасқан үйректей Қазақстанның бес облысы Ресейде қалу керек дегенді айта бастады.

**Роза Мұқанова:** «Ұлттық идея керек деп жүргендердің ақымақтығын айтамын да, ұлттық идея (как любая другая идея) қоғам құрсағына алдымен «түспей» ме екен, одан соң «піспей» ме екен, содан соң айы-күні жеткенде толғатпай ма екен. Қоғам, содан кейін тумай ма екен! Қоғам өміріне қажет идея ғана ұлттық идея болмақ. Ешқандай идея қолдан жасалмайды. Жатырда жатқан екі-үш айлық шарананы сирағынан суырып, сүйреп шығару қиянат (өлтіру емес пе?!) 4.12.10.97».

Ұлттық идеяны қолдан жасап, науқанға айналдыра алмаймыз дегенді меңзедіңіз бе?

**Әкім Тарази:** Ұлттық идея деген – отандық идея. Мен қазақты жақсы көрсем – Қазақстанды жақсы көргенім. Қазақ өзін өзі сынап, өзін өзі үлкен жолға салып, үлкен болашаққа жетелей білсе деген ой – ұлттық идея. Отан деген сөз – ұлт деген сөз. Ұлт деген – отан деген сөз. Кеңес одағында 15 республика болды. Біз әрине Кеңес одағының адамы болып жүрдік. Бірақ әр қайсымыз үйге келген кезде мен қазақпын, ең алдымен мен мұсылманмын деп кіретін едік. Себебі, мұсылманда қасиет бар, ол Алладан келген қасиет. Ал ұлт әке мен шешеге байланысты. Олар қай ұлттан, сен сол ұлтсың.

Керек болса, сынап алам, мақтай да алам. Өзіңнің отаныңды сынауға болмайды, ұлтыңды сынауға болады. Біздің қазақ олай, біздің қазақ былай деп ең көп қиналған адам – Абай. Абай қазағын ғажап сүйді. Бірақ сынады. Себебі жақсы көрген адам сынаса болады. Жақсы көрсе бір отбасындағы екі адам бірін бір сынауы керек. Сынағанда жақсы болсын деп, өресі өссін, санасы оянсын деп сынады. Әкесі баласын сынады. Жұбайы өзінің жарын сынады. Өзің де талай айтып жүрдің ғой. «Көке, бәленшеге қатты кетіп қалдыңыз» деп...

Күнделікті жақсы пайдаланыпсың (күлді). Бірақ күнделікті ертең біреуге оқып беру үшін жазбайсың ғой. Жазушы өзі үшін, өзіне айтқысы келгенін жазады. Басқалар оқыса демейді. Менің күнделігімді Розадан басқа кім оқиды?

**Роза Мұқанова:** Қазір күнделікті жұрт басқаша жазатын сияқты. Біреуге ұнауға тырысады. Біраз шенеуніктерді мақтайды күнделіктерінде. Оны ақпарат-құралдарына жариялатып та жатады.

Бір күнделігіңізде бір жасқа толмаған ұлымызға ақыл айтып қоясыз «Алпантай (Алпамыс), мен саған ғашықпын. Күнделік жазбапты, мен туралы ештеңе айтпапты деп ренжіп жүрме. Сен мамаң екеуің менің жүрегімнің екі басысыңдар. Екеуінді де сүйемін. Екеуіңе де ғашықпын. Ендігі жерде саған... есеп беріп, жазамын. Жан-жүрегім балам-ау, жалқау болма. Мен сияқты жалқау болма. Қытай өркендеген ел. Ал қазақ сол қытайдың тамырын таппай келген ел. Артта қалды. Неге екенін білесің бе, құлыным? Себебі, қытай еңбекті еңкейіп істейді. Қазақ еңбекті шалқайып істейді. Сен шалқайма балам» дейсіз?

**Әкім Тарази:** Жақсы... Мен қытайды да көп араладым. Сонда жолдың екі жағында еңкейіп жұмыс істеген адамдарды көресің. Күріш жинау деген оңай шаруа емес. Күні бойы белшеден саз кешіп жүреді, еңбеккерлер. Бәлен провинциясын аралатты. Сонда жол бойы еңкендеп, жер еміп жұмыс істеген қытайлар. Олар қытайды Қытай қылып отырған азаматтар.

Ал бірақ қытай керемет ел дегенде кімнің ойына түседі олар? Керісінше президенті түседі, басшысы түседі. Анау кішкентай қатпиган еңбекші қара шаруа адам есебінде де емес... Өмірдің заңы солай. Ол неге олай, оны неге атамайсыңдар десе, 1 млрд адамның қайсысын атайды?

**Роза Мұқанова:** Сізбен әңгімелесіп отырғанда ойыма бір нәрсе оралды. Әбілқайыр ханның суретшісі болған, жанында ұзақ жүрген Джек Кестель деген ағылшын саяхатшысының жазғаны есіме түсіп отыр. Сонда Кестель айтады, Әбілқайырға: «Етті ғана жей береді екенсіңдер. Көкөніс, жеміс-жидек жоқ екен. Мына халқыңның денсаулығына қиын болмай ма? Мен әбден қиналып кеттім» дейді. Сонда Әбілқайыр хан: «Бұлар жерге егін салуды білмейді. Бұлар ат үстінде жүретін халық» депті. Осыны оқып таң қалғаным бар. Сіздің де айтпағыңыз, қытайдың жерді еміп, өсіп-өркендеп жатқандығы. Біздің халық жердің қадірін әлі білмей тұрғандығын айтқыңыз келді ме деп ойладым.

**Әкім Тарази:** Иә, Азияның біраз елін араладым. Кореяда, Вьетнамда да солай. Тізеге дейін саз кешіп, күріш егеді. Сол егін алқабында ұйықтайды. Ал жалпы 38 мемлекетті араладым. Қазақ жазушыларының ішінде ең көп ел аралаған мен. Бұл менің пысықтығымнан емес, менің қызметім солай болды. Ол кезде мен Киногерлер Одағын басқардым. Кеңестік заманында солай, ана елге, мына елге барып кел дейді. Қасыңа бір-екі жансызын қосып береді. Олар бізбен бірге барып, керекті мәліметін алып келеді.

**Роза Мұқанова:** Киногерлер одағы дегеннен шығады. Ш.Айманов, М.Бегалин, А.Қарсақбаев бастаған үлкен мектептен



еттіңіз. Ұстаздарыңыздың ісін жалғастырдыңыз. Осы Одақты 16 жыл басқарыпсыз. Төбелестің арқасында жұмыстан қуылатын болып, партия жиналысында мәселенізді май шаммен қарап, жиналысқа салып жатқанда жалғыз Камал аға Смайылов қана сізді қолдап, қарсы дауыс бермей қойыпты. Басқалары түгел қарсы дауыс береді. Сол жолғы төбелесті әлде біреулер ұйымдастырған шығар.

**Әкім Тарази:** Иә, біз Қырғызстанға іссапармен бардық. Өзімнен де болды. Қазақша дұрыс сөйлей алмайтын үш адамды ертіп барғам. Барғанан кейін олар маған қарсы жұмыс істей бастады. (Айтматов шақырған болатын. Ол Қырғызстанда мен Қазақстанда киногерлердің төрағасымыз). Сөйтсем олар жолда келісіп алған екен. Төбелес шығарайық. Мынаны орнынан кетірейік деп. Содан келіп, намысыма былай тиді, олай тиді. Үндемедім. Тағы тиді. Үндемедім. Сосын мен «үшке шейін санаймын, сөзіңді қайтып ал» дедім. Ол «oho-oho» деп танауын көтерді. Онда «мә» дедім. Періп кеп жібердім шықшыттан. Қай жерден ұруды білем ғой... Шалқалақтап барып, кескен теректей сұлап түсті. Өзі еңгезердей. Менен ұзын. Жуан. Содан қырғыздар жүгіріп келді. «Ойбай не болды қазақтар. Бұл енді Айтматовқа айтатын болды» деді. Мен «нечего, Айтматовқа айта алмайды. Мынау корқақ адам» дедім. Айта алған жоқ. Қайтып келгеннен кейін де ештеңе айтқан жоқ. Себебі өзі мазак болатын еді.

**Роза Мұқанова:** Бірақ кейін «Әшімов мені Қырғызстанда ұрды» деп арызданды ғой?

**Әкім Тарази:** Оны ол байғұсқа біреулер жаздырыпты. Оны кейін білдім. Содан мені алты айға қызметтен босатты. Кейін қайтып келдім. Өйткені Киногерлер одағында орыстар көп болатын. Олар менің жағыма шықты. «Бізге Ашимов қайтып келсін» депті.

**Роза Мұқанова:** Кинода жүргенде жазушы достарыңыздың жағдайын жасаған көрінесіз. Оны жазушы ағамыз Мұхтар Мағауинның естеліктерінен оқыдым. Қалихан, Сайын, Рамазандардың жағдайларын жасап, үй мәселесін, қаламақы жағдайларына мүмкіндік жасапсыз.

**Әкім Тарази:** Иә, ол кезде Жазушылар одағы, Суретшілер одағы, Киногерлер одағына мынанша үй береміз дейді үкімет. Сонысын орындайды. Мысалы, келесі жылы киногерлерге жиырма үй берем дейді. Сол жиырма үйді кімге беру менің қолымда. Содан Қалихан, Сайын, Рамазан, Амантайларға киноға келіндер дедім. Олар ойбай-ау біз киноны білмейміз ғой дейді. Мұнда аударма цехы бар. Соған келіндер. Қазақ тілінде фильмдерді аударындар. Ал мен сендерге пәтер берем. Жазушылар Одағы бере алмаған пәтерді бердім оларға. Себебі Жазушылар Одағында 300 адам таласады. Ал бізде 60 адам. Және бірінші секретардың айтқанынан шыға алмайды.



**Роза Мұқанова:** Бұл енді қазақ әдебиетіне, қазақ жазушыларына жасаған жақсылығыңыз болыпты. Қалихан Ысқақов – классик, Сайын Мұратбеков – классик, Рамазан Тоқтаров – классик.

**Әкім Тарази:** Амантай Сатаев классик бола жаздаған.

**Роза Мұқанова:** «Ежик в тумане» Ұзақ гәпірдім. Он действительно «ежик в тумане» Интуициямен ғана жүрген адам. Қайда кетіп бара жатқанын білмейді. Қайда салсаң сонда көзі аларып шаба жөнелетін бағдарсыз аңғал батыр». Кім екенін білемісің? Ұмытып қалған жоқсың ба?

**Әкім Тарази:** Ұмытқам жоқ. Кірпік шешен ғой...

**Роза Мұқанова:** Мен білем. Кім екенін жазып қойыпсыз.

**Әкім Тарази:** Менің айтқым келмей отыр.

**Роза Мұқанова:** Оны айтып қойсақ... бірақ сіз оны жақсы көретін едіңіз. Жарайды еркіңіз білсін, айтпай-ақ қойыңыз.

«Шығарманың 80 проценті дайын, бірақ көңілім қобалжып, ала бұртып қайттым. Басталған кезде 20 минуттай Тото да қиналды. (Мені айтып отырсыз ғой деймін, соған карағанда спектакльден шықтық сіз екеуміз). Ежик қойылымның кілтін тапқан. Бірақ сол кілттің бұрауы жетпей тұр. Бұрауы. Өнер есігі айқара ашылмайды. Көрермен қысылып, қымтырылып сығалап қана табады керегін. Ал көрерменге керегі шалқып төгілген ой мен сезім еді ғой. Мұнда ой көмескі, сезім екі ұшты. Дүдәмал сәттер көп» дейсіз де әрі қарай атын айтып кетесіз. Мен атын оқымай-ақ қояйын.

Кейде шығарманы режиссерлер түсінбей жатады. Кейде мүмкіндігі жетпей жатады. Содан кейін актерлерге керегін бере алмайды. Режиссер мен драматургтің тандемі туралы, бірін бірі түсінуі туралы айтып бермейсіз бе?

**Әкім Тарази:** Менің 13 драмалық шығармам қойылды кезінде. Мен алдын ала барып, кімді алайын деп жатырсындар, қандай актерлер ойнайды деп араласқан адам емеспін. Себебі ол менің тарапымнан мәдениетсіздік болар еді. Өйткені, автордың ұғымы бір бөлек, режиссердің ұғымы бір бөлек.

Бірақ кейін онашада сынымды айттым. Ой жұрт мақтады ғой дейді. Олар мақтаса сенен қорыққанынан мақтайды, сенің қарауыңда істейді немесе ертең саған жаман пьесасын өткізу үшін мақтайды. Ал мен саған тәуелді емеспін. Мен саған көзінді бақырайтып қойып айтам дедім. Себебі мен сені досым деп санаймын. Шын дос аямау керек. Кемшілігіңді айтпай, сипап қойған адам – қас. Осы нашар қалпыңда жүре бер деген сөз.

Мен Қалихан, Сайынмен де төбелескен адамын. Сынағанды көтере алмаған кезде.

**Роза Мұқанова:** Олар сізді сынаған кездері болды ма?



**Әкім Тарази:** Сынайтын. Кезінде мені газеттер мақтап жазып жататын. Мен соны кейде оқымайтынмын. Адам пенде ғой. Сол мақтауларды оқып, бұзылып қалам ба деп ойлайтынмын. Бірақ оңашада ақырын байқайсың.

**Роза Мұқанова:** «XX ғасыр қазақтың Абайын жұтып келді. Есесіне Әуезов пен Мұқағалиды силап кетті. Жете-қабыл да әңгіме бөлек. Құрт-құмырсқа есепке алынбайды. Өзін-өзі дүлділ санайды екен. «Прометейім-ай. Жұртты алдап, арам ақшаны судай шашып жүрсең, әрине қолың күйеді. Қолың емес, жүзің күйеді. Жүзің» дейсіз. Біреуге ерегесіп, ызалы болып айтып отырсыз ғой деймін. Сосын: «Жолы болмаған дарынсыздардың қара көңілінен туған қара күйе пікір. Әдебиет жоқ, біз жасауымыз керек» дегеніне күйініп жазыпсыз. Ал енді қазір әдебиет жоқ, әдебиет бізден ғана басталады дейтіндер бар. Мұндайлар сіздерде де болған екен. Осыған қандай уәж айтасыз?

**Әкім Тарази:** Неғұрлым дарынсыз болса, соғұрлым кеудесін көбірек қағады. Шын талант «мен – талантпын» демейді. Ал әдебиетке атын шығару үшін мен сондаймын деп келетіндер көп қой. Бірақ әдебиетке қызмет ету үшін келетіндер аз. Мен өзім әдебиетке жазбасам болмайтын болған соң келдім. Менің мамандығым киногер. Ал мен киноға сценарии жазбасам, кімге жаздырам. Жазып алып келетіндер көп болатын. Себебі кинода қаламақы көбірек. Ал мен қаламақыны соған беріп, сценарийді өзім жазып жүрдім.

Әдебиетке келгенде – әдебиеттің құлымын деп келу керек. Мен әдебиетке келдім, бәрін мен жасаймын. Сендер кетіндер. Орын менікі дейді. Ондайлар біздің кезімізде де көп болды.

**Роза Мұқанова:** Осыған байланысты бір оқиға есіме түсіп отыр. Ол кезде Олжас Сүлейменов Жазушылар Одағын басқарып тұрды. Одақта бір жиналыс өтпек болды. Сайын аға, сіз, Олжас барлықтарыңыз сахнаға қарай көтерілдіңіздер. Сонда әдебиетке жанадан ғана келген жас жігіт айқай салды. Өзі орыс тілді еді. «Сендер қашанғы төрге шыға бересіңдер, төрге шығатын біз емес пе?! Шығармайсыңдар ма бізді де. Біз, жастар, шығуымыз керек», - деген кезде жұрт үрпиісіп, демін тартып қалды. Сонда Сайын аға сабырмен, жымыып бір күлді: «Айналайын, сені төрге шығаратын біз емес. Сенің шығармаларың, сенің еңбегің төрге шығарады» дегенде отырған жұрт қол соққаны есімде. Босағадан өңмендей сөйлеген сол жігітке әдебиеттің төрі бұйырмады.

**Әкім Тарази:** Бұйырмады. Мен атын айтпай-ақ қояйын. Сол үшін де мені төбелеске шақырып, ұрса екен деп менің қызуқандылығымды пайдаланғысы келді. Мен түсіндім, оған керегі – менің ұрғаным екен.

**Роза Мұқанова:** Соған қарағанда мінезіңіз шатақ болған сияқты?

**Әкім Тарази:** Иә, мен екінші курсқа дейін қатты төбелестім. Бір күні әкемді шақыртты. Ректор Мәлік Ғабдуллин. «Өзің Орынборда бірге оқып жүргенімізде момын едің ғой. Ал мына ұлың қырып барады» депті. Әкем де керемет мәдениетті адам еді. Ол кезде Алматыда «Дом колхозника» деген қонақ үй болатын. Соған мені алып барды. Екеуміз отырып тамақ іштік. Түн ортасында далаға ұйықтайықшы деді. Далаға есік алдына ұйықтадық. Күн керемет ыстық. Сонда ғана айтты. «Төбелесіпсің» ғой деді. Үндегем жоқ. Өзі түсінді әрі қарай...

**Роза Мұқанова:** Сізді Ғабит Мүсірепов қызметке шақырып, қол астына жұмысқа алған кезде әкеңіз сенбепті. Бандиттердің біріне қосылып кеткен шығарсың. Ғабит Мүсірепов сені қайтсын деп. Сөйтіп, сізді алып кетуге Алматыға іздеп келсе керек.

**Әкім Тарази:** Ғабеннің қарамағында қызметке тұруымның өзі қызық. Алматыда «Ара-Шмель» деген журнал шықты. Қарап отырсам, редакторы классик Ғабен. Таң қалдым. Ол кісіге мына кішкентай журнал неге керек болды екен дедім іштей. Бір күні әкем пионерлерді ертіп Алматыға барып келші деді. Ол кезде автобус жоқ. Жаяу салпандап келе жатсам, «Ара-Шмель» журналы деген ғимарат тұр. Осының алдында ғана бір «Етікші» деген әңгіме жазғам. Өмірімде бірінші рет. Екі-ақ бет. Сол менің бірінші жазған фельетоным. Жазып, «Ара» журналына жібергем. Содан сол есіме түсті.

**Роза Мұқанова:** Жазушыда жақсы өмірбаян болмаса жаза алмайды депсіз. Жас жазушыда жақсы өмірбаян болу үшін не істеу керек? Болашақта әдебиет бола ма?

**Әкім Тарази:** Қазір оқуды бітіреді де, бір орынға отыра қалады. Жазушы боламын деген адам өзін өзі аямау керек. Отқа да, суға да салу керек. Мақтанып отырғам жоқпын, мен өзімді аямаған адаммын.

Ой күрделі болу керек. Бірақ күрделі ой бес-алты сөйлеммен-ақ бітіп қалуы мүмкін.

**Роза Мұқанова:** Адамды айнымай жақсы көруге және сенуге бола ма?

**Әкім Тарази:** Егер әбден сынап алған болсаң, оған шексіз берілуің керек. Шексіз сенуің керек. Оның бәрі – таңдау. Мен сені таңдап үйлендім. Бірақ қызыққанымды да білесің. Сені алғаш көргенде: «Шіркін-ай, анау қыз менің жарым болса ғой!», - дедім. Ол кезде сегіз жыл бойдақ болып жүргем.

**Роза Мұқанова:** Сонда менің сізге тұрмысқа шығатыныма сендіңіз бе?

**Әкім Тарази:** Күмәнданған жоқпын. Сені деканың таныстырғанда «білем ғой бұл кісіні» деген сөз қайдан шықты деп ойлайсың?

**Роза Мұқанова:** Иә, бірінші рет көріп тұрып «бұл кісіні білем ғой» дедіңіз. Неге білмей тұрып «білемін» дедіңіз екен?

**Әкім Тарази:** Ректорларың мені студенттермен кездесуге шақырды. Анандай бұрышта отырған жеріңнен көрдім. «Шіркін-ай, анау қыз маған тисе алар едім» деген ой Алладан келді деп ойлаймын.

**Роза Мұқанова:** Төбелескіш болғаныңызды мақтанышпен айтатын сияқтысыз. Сыры не?.. Қазақ балаларының қорлануына, басқа ұлттың үстемдігіне деген ішкі қарсылық па? Сондағы төбелестердің мәні не?

**Әкім Тарази:** Ол кезде Алматыда қазақ сегіз-ақ пайыз болатын. Бір күні Алматының тау жағына барып, қайтып келе жатсам бір орыс әйел баласы екеуі серуендеп жүр екен. Баласы мені көрді де құлағы тікірейген ат сияқты тұра қалды. «Мама, мама он немец что ли?», - деді мені көрсетіп. Мамасы: «Нет сынок. Это называется казахи. Наша республика называется Казахстан» деді...

**Роза Мұқанова:** Адам танысыз. Көп адамды жаныңызға жақындатқыңыз келмейді. Көп жерге барудан бас тартасыз. Менен де сол мінезді талап етесіз. Олай өмір сүру қиын емес пе?

**Әкім Тарази:** Сен де адам танысың, біріншіден. Екіншіден, мен қиын деп ойламаймын, соныма қуанамын. Өзің білесің ғой, мен достарымды өзім таңдағанмын. Олар мені ешуақытта сатқан емес. Мен де оларды сатқан емеспін.

Қалихан, Сайын, Рамазан – отыра қалып, бір біріміздің кітаптарымызды оқып, күліп сынайтынбыз. Төбелесіп қалатынбыз. Бірақ зіл жоқ, ертесінде қайта табысып жүре беретін едік.

Мен жазып отырғанда ойлайтынмын: «Мынауым Қалиханға ұнамай қалмай ма», – деп. Қалиханда айтты: «Таң атқанша жұмыс істедім, (мені Көкем дейтін) Көкеме мына жері ұнамай қалар ма екен», – дейтін.

**Роза Мұқанова:** Өткенде араға 17 жыл салып Қабдеш Жұмәділов досыңызбен кездестініз. Сонда Қабдеш ағаның бір сөзіне таң қалдым: «Бізді «айырылмас бес тапал» дейтін еді. Құшағымыз айырылмай жүрген кезде айтатын едің Әкім: «Әлі бір бірімізді көрместей болып кететін сәттер болады, бұлай жүре бермейсіңдер. Түбі бесеуіміз бес жаққа кететін боламыз», – дегенсің. Сол кезде біз өзіне қатты ренжитін едік. Дауласатын едік. «Бізді ажал айырмаса, осы құшағымыз ажырамаған күйі қаламыз», – дейтінбіз. Сен әулие екенсің, шынында да біз уақыт өте келе бір-бірімізбен араласуды қойып, бір-бірімізді іздемей кеттік. Сенімен міне 17 жылдан кейін кездесіп отырмын. Сол бес достың ішінде тазасы өзің едің, Әкім. Таза болып сол бойы қалдың», – деді.

**Әкім Тарази:** Басқалары өмірден өтіп кетті ғой. Олар болса біздің үйден шықпайтын еді ғой, шіркін... Бәріміз таза едік, таза болмасақ әдебиеттің тарихында атымыз қалар ма еді.

**Роза Мұқанова:** Сайын аға әл үстінде жатқан кезде биліктегілерге жол тауып: «Сайындай классиктің мемлекеттік сыйлықты алмай кетуі – бізге де сендерге де сын. Ертең ұятқа қалмайық», – деп досыңызға сыйлықты алып беруге мұрындық болғаныңызды білемін.

**Әкім Тарази:** Иә, мен сол кезде комитеттің төрағасы болатынмын. Бірақ менен басқа 15 адам бар, көпшілік болып шешетінбіз. Кейде мен айтып отырсам да, басқалар көнбесе, берілмейтін. Сайын дүниеден өтейін деп жатқанын білдім. Рамазанға да дүниеден кетейін деп жатқанда алып бердік. «Әй жігіттер, мынау дүниеден өтіп кетейін деп жатыр. Өне-міне. Ең болмаса біліп кетсін», – дедім. Оның үстіне екеуі де талантты ғой.

Сайынға барып: «Сен мемлекеттік сыйлықты алдың, сені құттықтап келдім», – дедім. Ақырын ғана басын изеді. Рамазан да сөйтті.

**Роза Мұқанова:** Талантты тұлғалар мен жолбикелер туралы жазған күнделігіңізде: «Дарынсыздар біріксе, тек қана қиянат туады. Талант деген сөздің баламасы – жалқы. Таланттар басы косылса да жымдасып кетпейтіні сондықтан», – дейсіз?

**Әкім Тарази:** Дұрыс қой, талантты адамдар бір-біріне конкурент. Бәсекелес. Сен жақсы жазсаң, ол да жақсы жазады. Ал дарынсыздар ондай кезде біріге қалады. Біріккенде, талантты сүріндіру үшін бірігеді. Себебі, олар дарынсыз және көп. Үш жүз жазушының ішінде, көп болса алтауы талантты. Ары кетсе он.

**Роза Мұқанова:** Онда таланттарға өмір сүру қиын екен.

**Әкім Тарази:** Қиын. Жазушылар одағына сайлауға түскен бір жігіт (атын айтпай қояйын) елді аралап жүріп, өзіне дауыс берем деп уәде еткен журналистердің көпшілігін мүшелікке алды. Мен де хатшымын. Одақ басшыларының бірімін. Айттым: «Осынша көп адамды неге аласың?», – дедім. «Көке, мен өтуім керек қой», – деді ол. Аналарды алды. Бір аптадан кейін съезд болды. Алып келген адамдары қолдап, қайтадан 5 жылға отырды. Мен оны да кінәламаймын. Жақсы жігіт еді.

**Роза Мұқанова:** Меніңше, сіздер тек қана хатшы боп жүрдіңіздер ғой?

**Әкім Тарази:** Жоқ, мен айлық алатын хатшы болдым. Оның алдында Киногерлер одағын 16 жыл басқардым, одан кейін екі жылға демалуға кетіп қалдым. Қайтып келсем, орным бос емес әрине, оған таласып жатқан мен жоқ. Тағы екі жыл жүрдім жазамын деп, қайта қуандым. Жаздым. Ана 9 том тегіннен тегін жазылған жоқ қой.

**Роза Мұқанова:** Сіздің 90 жылдары хатшылықтан өз еркіңізбен кеткеніңіз есімде?

**Әкім Тарази:** Сонда мені «дурак» дегендер де болды. Мынандай депутатский қызметті тастап кетуге бола ма деп...



**Роза Мұқанова:** Жалпы, осы сіз қызметті емес қызмет Әкімді қуып жүрді ғой деймін, достарыңыз ылғи осылай әзілдейтін.

**Әкім Тарази:** Иә, сөйтті... Шәкен аға кеткесін киноға бірінші хатшы болдым. Екі рет жұмыстан кетем деп арыз бердім, жібермеді. Ол кезде Димекеннің айтқаны заң. Есенәлиев деген кісі шақырып алып айтты: «Димекен сені қайтадан ұсынып отыр. Қалай қарайсың?», – деп. «Енді Димекен ұсынса бір көндім, екі көндім. Соңында мен жаза алмай қалам ғой...», – дедім. Жетектеп алып барды Димекеннің алдына: «Көнбей қойды, мынау Әкім», – деді. Димекен: «Әй, Үртайдың баласы, келісімінді бер. Әкенді Орынбордан білетін едім!», – деді. Әкемді біледі екен.

**Роза Мұқанова:** Әкеніз Орынборда оқыған алғашқы қазақтардың бірі ғой.

**Әкім Тарази:** Иә, «тағы да бір бес жыл көн енді, шыда» деді. Сонымен 16 жыл сонда жұмыс істедім.

**Роза Мұқанова:** Сіздің өмірбаяныңыз адам қызығатындай. Ғабит Мүсірепов, Шәкен Айманов, Мәжит Бегалин, Сұлтан Қожықовтар ұстазыңыз болды. Бұлардың бәрі еркелетті сізді. Қазақша айтқанда өз білгеніңізді жасай алдыңыз. Кімге көмектесем, қандай кино түсірем десеңіздер түсіре алдыңыздар. Сатыбалды Нарымбетов бір сұхбатында: «Мен Әкім ағаны өзінің ұстазы Ғабит Мүсіреповке ұқсатамын», – депті. Келісесіз бе?

**Әкім Тарази:** Келісемін. Мінез жағынан. Ол кісі еш уақытта асықпайтын. Алдына бір проблемамен барамыз: «Анау мұндай боп жатыр. Анау иттік жасады», – деп. Сонда Ғабеннен үйренгенім. Еш уақытта «иә» деп басын иземейтін. «Дұрыс, кейін айтам», – дейді. Себебі, ойлану керек.

**Роза Мұқанова:** Мен сіздің осындай жауабыңызға күйініп кететінмін. Қазір шешілетін, отбасылық мәселенің өзін: «Ойланайың, кейін», – дегенде, осы шыжғырылып, қиналып кететінмін. Соның бәрі Ғабит ағайдың қасиеті екен ғой.

**Әкім Тарази:** Иә, Ғабит, Шәкен Айманов та солай болды. Екі бірдей ұстазымнан үйрендім ғой.

**Роза Мұқанова:** Көке! Толстойды, Чеховті, Лермонтовті, Пушкинді қолыңыздан тастамайтынсыз. Осылар Сіздің жазу үстеліңізде үнемі тұратын. Қайта-қайта оқып, әлсін-әлсін қарап, рухани ұстазыңыздай медеу тұтатынсыз. Кейін Тәуелсіздік жылдарында Гумилев пен Бичуринді айналдырдыңыз. Гумилевті оқып-оқып, Бичуринге келген кезде: «Бичурин Гумилевтің әкесі екен ғой», – дегеніңіз есімде. Бертін келе 80-ге аяқ басқан кезде «Андрейді» жаздыңыз. Өзгеше жол тапқандай шығармашылығыңызды жаңа қырынан көрсеттіңіз. «Таңшықай» деген роман жаздыңыз. Енді міне 85-ке аяқ басқанда байқаймын, тек қана

өзіңізді оқитын болыпсыз, өзіңіздің 10 томдығыңызды астын сызып, леп белгісін қойып, жанына кейбір ойларыңызды жазып, оқып жүрсіз. Бұл жазудан жалығу ма, бұның сыры неде?

**Әкім Тарази:** Өзің білесің, мен жазбай кеткеніме 5 жылдай уақыт болды. Себебі мен өзімнің талант ретінде таусылғанымды білдім. Енді жазсам қайталаймын деп қорқам. Қайталау – ұят. «Андрей» соңғы жазған шығармам. Оның өзі шатақ. Астарында қазақтың қалай аштықтан қырылғанын айқын айтуым керек болды. Бас жағында Манана туралы жәй ғана айтып отырып, ертең шығарманы басатын адамды алдауым керек болды. Біздің сонымызға түсіп оқитын адамдар жалқау болады. Талайын көрдім, мінезін білемін. Үстімізден арыз жазады. Онысын біліп жүріп мен оларды жақындатып жүрдім. Олар Манана туралы басын оқып отырып, әй мына Әкім не сандырақтап отыр деуі мүмкін. Содан барып бірте-бірте қазақтың қалай аштыққа ұшырағанын, қырылғанын жаздым...

**Роза Мұқанова:** Ұлтқа жасаған озбырлық сынды мұндай тақырып Кеңес үкіметі кезінде де санаңыздың түкпірінде жатқан болар. Бірақ ол кезде жазылмады. Осындай шығармалар, сюжеттер жүрегіңіздің түкпірінде көп қалған жоқ па?

**Әкім Тарази:** Қалып қойған жоқ деп ойлаймын. Жазуды қойғанымға 5 жылдай уақыт болды. Себебі мен жазарымды жазған адаммын. Өкінішім жоқ. Соңғы жазған «Андрейден» кейін ойладым, енді жазудың керегі жоқ. Қазақ халқының қалай қырылғанын жаздым.

**Роза Мұқанова:** Сізді тыңдап отырып, Фариза апайдың бір әңгімесі есіме түсіп отыр. Өмірінің соңғы кезінде әдебиетіміздің ірі тұлғасы Фариза апай Оңғарсыновамен көп сырлас болдық. Ол кісі бір әңгімесінде. Мен «Егемен Қазақстанға» бір топ өлеңдерімді беріп едім, кешкісін Рымғали Нұрғали телефон шалды. Сонда айтқаны «Фариза, өлеңдеріңді оқып шықтым, сен бұдан былай өлең жазарсың, бірақ жариялауға бермей-ақ қой. Өйткені, қазақ поэзиясын биік деңгейге көтерген Фариза енді мынандай өлең жазып, өз беделін өзі түсірмесін» дегені. Розажан, содан бері мен жазған өлеңдерімді баспа беттеріне бермейтін болдым деп сырын айтқан еді. Өзіңіз айтып отырсыз, «таусылдым, өкінішім жоқ, жазарымды жаздым», - деп ақиқатын айтып отырсыз. Кейде адам таусылғанын білмей жаза беретін сияқты.

**Әкім Тарази:** Ондайлар көп. Олай жазабергіштік – дарынсыздықтың белгісі. Өзің білесің, мен өзімді-өзім аямаймын. Романдарымды оқып отырып астын сызатыным ризамын, «мынауың жақсы екен Әкім» дегенім. Өзімді алдымен кітап боп шықпай тұрып сынаймын. Жыртып тастаған кездерім де болды. Ертеден кешке дейін 8-10 сағат отырып екі бет жазатын адаммын. Ондай адам қателесе қоймайды. Ұсақ-ұсақ әріптермен тығыз



жазамын, әйтпесе, ойым қашып кететіндей көрінеді. Бұл енді менің адами емес физикалық сезімім.

**Роза Мұқанова:** Жұмыс істейтін кезіңздегі табиғатыңыздағы ерекшелік қомданып, қабағыңызды түйіп, ешкіммен сөйлескіңіз келмей, өзіңізді өзіңіз қамап ұстап, сыртпен байланысты бүтіндей үзіп тастап тым бөлекше өзгеріске түскеніңізде мен алғашында түсінбейтінмін. Ауырып жүр ме, онысын жасырып жүр ме деп уайымдайтынмын. Ал мен шығарма жазып жүргенде сондай қуанып, шаттанып, менен бақытты адам жоқтай, анау процесстің жүріп жатқанына рахаттанып, кей жерін сізге оқып беріп, қанаттанып ары қарай жазып кете беретінім бар. Сіздегі күйдің жұмбақтануы тым қиын емес пе?

**Әкім Тарази:** Қиын, әрине. Мен миымда сөйлем құраймын. Әртүрлі варианттарды үйлестірем. Ойларым қою, күрделі болу үшін тығыз жазамын. Күрделі ой 5-6 сөйлеммен бітіп қалуы мүмкін. Ендігі сөйлемім қалай болу керек деп тағы отырам. Жұрттың шығармасын оқып-оқып алып жазатын жазушылар аз емес. Әуезовті, Мүсіреповті оқып алып соларға еліктеп жазатындар бар. Ұялмай шығарады. Одаққа өтсем, пәтер алсам дейді. Пәтер алу үшін жазғам жоқ еш уақытта. Мен пәтерді Орталық партия комитетінен ғана алып жүрдім.

**Роза Мұқанова:** Енді сіз бастық болдыңыз, бастық болудың рахатын да көрдіңіз ғой.

**Әкім Тарази:** Рахат! Рахатты сен де көріп отырсың ғой... (қосылып күліп алды)

**Роза Мұқанова:** Салқынқандылық па, сабырлылық па, елпең етіп сөзге еріп, топталып жазған хаттарға қол қойып жіберетін елгезектік сіздің табиғатыңызда жоқ. Бұл өмірлік тәжірибе ме, әлде жаратылысыңыз ба?

**Әкім Тарази:** Мырза-Мұхаммед деген атам Төле бидің оққағары болған. Ол кісі Алпамыс пен Арузаның жетінші атасы. Менің алтыншы атам. Атам Әшім Дамолла Бұқарадан екі жыл білім алған оқымысты, қазіргі тілмен айтқанда Жамбыл облысының Бас мүфтиі болған. Сондықтан, бұл мінез менің тегімнен, жаратылысымнан деп ойлаймын.

**Роза Мұқанова:** Мен өз басым сіз сияқты сабырлы болғанды ұнатамын. Сізге еліктегім де келген. Табиғатым бөлек болғасын сіз бола алмайтынымды да білемін.

**Әкім Тарази:** Ұрсуды былай қойғанда, саған күйеуіңмін деп өмірімде бір сын айттым ба? Маған неге палау емес қуырдақ бердің деп тамағыңа мін тақтым ба? Себебі, мен сені түсінемін. Аямаймын. Түсінемін. Жарты жылдан кейін менің барлық талғамымды біліп алдың ғой. Қалай киініп, қалай тұратынымды?..



**Роза Мұқанова:** Сіз өз болмысыңызға лайықты ғып мені тәрбиелеп алдыңыз ғой деймін.

**Әкім Тарази:** Мүмкін... тәрбиелеуден гөрі болмысыммен саған әсер еттім деп ойлаймын. Жазудың өзінде бұрынғыдай асықпайсың...

**Роза Мұқанова:** Орыстардың «муж и жена – одна сатана» дегені сияқты болды ғой... (күліп алды)

Осы жасқа келгенде дүниеде ең қымбат нәрсе не деп шештіңіз?

**Әкім Тарази:** Адамды адамның сыйлай білуі. Өз шешіміңмен отбасын құрған екенсің, өз отбасыңа берік бол. Сені сыртыңнан қаншама уақыт сынап жүрдім ғой, сосын барып мына қызды алуым керек деп шештім.

**Роза Мұқанова:** Өзіңізге қиянат жасаған адамдарды кешірдіңіз бе?

**Әкім Тарази:** Егер ол біліп, танып тұрып Әкімге қиянат жасаса кешіре алмаймын. Өйткені ол Рухқа жасалған қиянат. Білмей жасаса кешірем. Бір інім біреулерге еріп маған қиянат жасады, кешірдім. Өйткені оның компаниясы сондай болды. Өзіне айттым, ол түсінді, қойды.

**Роза Мұқанова:** Қазақ ұлтының, мемлекетінің болашағы туралы не айтасыз?

**Әкім Тарази:** Мен «былай болады» деп айта алмаймын. Бірақ тілегімді айтайын. Қазақ қазақтығын жоймаса екен деймін. Қазақ – өзінің рухын сыйлай білетін, ертеңін ойлай білетін халық. Осы мінезінен айырылып қалмаса екен деймін. Біздің үш жүз болғанымызға ешкім кінәлі емес, ол ел басқарудың жүйесі ғана. Жүзімізді, руымызды сақтай жүріп біз қазақтығымызды сақтап жүрміз. Газетке де жаздым, білместікпен қапалдың екі жігіті ағайынды қыздарға үйленіп қойған кезде, киіз үй тігіп, қырық шақты адам екі күн дауласып оларды ажыратып жібердік. Ажыратпасақ бір атаның баласы тағы үйленетін еді. Сол үлгі боп қалды. Дулат пен дулат, жаныс пен жаныс үйленеді, бірақ, қапал мен қапал үйленбейді. Себебі, ол – қанға қиянат.

**Роза Мұқанова:** Билік және халық. Осы екі ұғым үндестік таба ала ма?

**Әкім Тарази:** Үндестік табуға міндетті. Халықсыз билік жоқ. Халықты билеу үшін ақыл керек. «Әйтеуір жолым болды», - деп бастық болып қалған адам – қауіпті адам. Пісіп жетілгенде, «енді елді қорықпай билей аламын, өзімді өзім басқара аламын» деген адам басшы болу керек. Өзін өзі билей алмайтын адам билікке келмеуі керек. Өз халқының сорына қалатын адамдар тарихта көп. Әсіресе мұсылман елдерінде көп болды ондайлар. Қазіргі араб, Иран, Ирак сынды елдің басшылары ойланып келетін болды билікке. Халық таңдайтын болды. Бұрын күшті адам билейтін, қазір ақылды адам билейді. Ақылды басшы халыққа бағынғандай болып, халықтың тілін таба білетін болу керек. Гитлер «менен басқа адам жоқ»



деп Германияның түбіне жетті. Өзімен өзі бейбіт күн кешіп жатқан елге соғыс ашу – күнә.

**Роза Мұқанова:** Адамның дүниеге келуі – қуаныш, кетуі – жұбаныш. Осы жұмбақ жаратылыстың адам үшін құны бар ма?

**Әкім Тарази:** Құны бар әрине. Күнтізбемен алғанда 2000 жыл. Былай алып қарағанда, 5-8 мың жыл мемлекет құрған елдер бар. Соның бәрінде адамзат тарихы арқылы, қинала жүріп, соғысып жүріп ақылы кірді. Халық жеке-жеке адамдардан тұрады ғой, адамның көрген, білгені көбейген сайын ақылды бола бастайды. Халық та адам сияқты көргені, білгені, басынан кешкені, соққы жегені соның бәрін есептей отырып жеке адам қандай ақылды болды соны ойлау керек. Жеке адамның ақылынан ақылды басшы шықса елін сақтайды.

Жерді тірілту үшін, жер тіршілік ету үшін Алла адамды жаратқан. Күн жүйесінде жер шары сияқты 30-40 планета бар. Әлі анықталмағаны қаншама? Жерде адам сияқты тіршілікті пайда болуы оған жан бітіреді. Адам келгеннен кейін жердің өзіне ақыл кіреді деуге болады. Себебі, ақыл адамның басында, миында. Жер өз-өзімен ойлана алмайды. Жер адам боп қана ойлана алады.

**Роза Мұқанова:** Мына ойыңыз керемет екен. Бұл ойыңыз мені есейтті... Көке, осы жазушының алған сюжеті өз тағдырында қайталануы мүмкін бе?

**Әкім Тарази:** Қайталануы да, қайталанбауы да мүмкін. Мысалы, Толстойдың «Анна Каренинасы» – өзінің басынан кешкен оқиғасы. Бірақ Толстой солай еді деп айтқан жоқ, ғалымдар оны күнделігінен тауып алды. Бұндай оқиға көп...

**Роза Мұқанова:** Софья Андреевнаның айтатыны бар ғой: «Толстойға әйелдің жан дүниесін тереңірек білмегенсің, Анна мына жерде мынандай әрекетке емес, ол былай жасаған болар еді дегенімде Лева менімен келісіп өзгертетін», – дейді... (екеуі қосылып күліп алды)

**Әкім Тарази:** Екеуі алғашқы жылдары тіл табыспай қалған кездері көп болған. Екеуі де шыдамдылығы арқылы жеңді ғой. Лев Толстой байдың баласы – мыңдаған гектар жері бар, жас кезінде тентектеу болған. Софья Андреевна оны жөнге шақырды. Ол өзін төмендету арқылы Левті тәрбиеледі. Толстой өзін-өзі жек көру арқылы өзін-өзі түсінді. Керемет жек көрді ол өзін. Содан барып «Софья Андреевна права, я не прав» деп жүріп керемет отбасын құрды.

**Роза Мұқанова:** Камал Смайлов дүниеден өткенде театрдан шығарды ол кісіні. Сонда сіз маған: «Тез мына жерден мені алып кетші», – деп айттыңыз. Сонда сіздің көзіңізде жас тұрды. Сізді бәрі жұмыстан кетсін деп арызданып жатқанда Камал ағаның ғана жалғыз өзі қарсы болғанын айттыңыз. Сайын аға дүниеден кеткенде де қатты қиналдыңыз.

**Әкім Тарази:** Қиналдым. Бірақ жылаған жоқпын. Ал Камалмен бірге менің жастығым мен есейген шағым бірге кетті.

**Роза Мұқанова:** Сайын аға тау жақтан үй салдырып жатқан кезі екен, сіздің өз тіліңізбен айтқанда «далада қалған» кезіңіз болса керек. Сайын аға: «Әкім үйсіз, күйсіз жүрмеуі керек», – деп сізге арнап қоса бір бөлме салдырған екен. Достарыңыздың осындай адамгершілігін, азаматтығын үлкен сағынышпен айтасыз. Мен өмір сүріп жатқан қазіргі дәуірде ондай достар болатын-болмайтынын білмеймін. Бірақ, өзі қалада қуықтай бөлмеде бала-шағасымен тұрып, сізге арнап бөлме қостыруы Әкім Таразиға деген үлкен құрметі, бағалауы, жақсы көруі болса керек. «Басында Үшқараның» деген әңгімесін «Әкіміме» деп арнауы да екеуіңіздің достығыңыздың ерекше болғанын көрсетеді маған.

**Әкім Тарази:** Бұл әңгімені бұрын да қайталап айтсам, ренжімендер. Сайын ағам тау жақтан төменгі жағында 4-5 бөлмесі бар, оған қоса жоғары жағына тағы бір этаж қосып үй салды. Сонда Мәкең дейміз, Мария: «Әй, мына жоғарғы жағын қаңқитып неге салып жатсың?», – дегенде: «Әкім келгенде осында жатып демалады, осында жатып жазады», – депті. Ол кезде мен семьямнан қашып кетіп, «енді көрмегенім әйел болсын», – деп 7-8 жылдай жалғыз жүрген кезім. Әйел деген сұмдық жиркенішті боп кеткен, мен үшін.

Сөйтіп, Сайын ағам өз үйінің төбесіне үй салып, сонда мені жатқызып жүрді. Ондай дос болған емес, қазақта.

**Роза Мұқанова:** Толстой да үйсіз-күйсіз жүрген Гоголь сынды достары келгенде жатсын деп Ясная Полянадағы үйінен арнайы бөлме ұстаған екен. Соны күнделігінен оқып таңқалғаным бар. Бұл өзі екі тұлғаның, екі суреткердің бірін-бірі терең түсінуі деп ойлаймын.

**Әкім Тарази:** Иә, Сайынның төмендегі үйі әрқайсысы кең-кең 4 бөлме, «Әкім келсе осылардың біреуіне жата салады ғой», – деуіне болатын еді. Өйткен жоқ. «Біздің Әкім жоғарыда жатуы керек», – деді. Мені шақырып алып: «Мынау сенің бөлмең, жазу үстеліңді мына терезенің алдына қоясың, бұл жерден Алатаудың ең биік шыңы Найзақара ап-анық көрініп тұрады, соған кара да жаза бер Әкім, сен недеген бақыттысың!», – деп балаша қуанып жүрді. Нағыз дос қой. Қалихан да нағыз досым болды: «Көкем аш отыр ма», – деп, ішкен-жеген тамағын маған тасып алып келетін. Біз бір-бірімізді «көке» дей беретінбіз. Мен ашулансам көгеріп кететінмін, содан бәрі көке деп кетті...

**Роза Мұқанова:** «Әлем әдебиетінің ең ұлы жазушысы Толстой», – дейсіз де, «Қажымұрат» пен «Қазакиді» ерекше жақсы көресіз. Әдебиет ұлтты ұлықтағанда ұта ма?

**Әкім Тарази:** Ең алдымен ұлт әдебиетті ұлықтағанда ұтады. Ұлт болғаннан кейін, оның керемет әдебиеті болса, басқалар оны сыйлайды.



Америкалықтар, ағылшындар, француздар: «Аяқтарына башмақ киіп жүреді», – деп Россияны менсінбейтін еді. Ал Толстойлар шықты – Ресейдің мәдениеті көтерілді. Чеховтің пьесаларын америкалықтар қоя бастады. «Қажымұрат» пен «Кзакиді» бірден ағылшын тіліне аударды. Әдебиет арқылы орыс халқының беделі өсті. Бальзак арқылы француздардың беделі өсті.

**Роза Мұқанова:** Арманыңыз бар ма?

**Әкім Тарази:** Бар әрине. Сенің амандығыңды ойлаймын, Алпамыс пен Арузаның оқу бітіріп, өз алдына отау тіккенін көргім келеді. Иншалла, немере сүюім керек. Бұның бәрін саған айта бермеймін, бүгін айтып қойдым ғой деймін... Арман болуы керек. Армансыз адам – ақымақ адам. «Етігім бар, пальтом бар, мен неменеге армандаймын», – десе – ол ақымақтық. Мен Қазақстанның әлі дами түскенін, дүниежүзіндегі мұсылмандардың тату болғанын армандаймын. Соғыспаса екен, еңкейіп еңбек етіп жүрген халықтар аман болса екен, ертелі-кеш, қысы-жазы малдың соңында жүрген қазағым аман болса екен деймін. Арман деген амандық. Амандықты тілеу керек. Өзін ғана ойласа ол эгоист. Мен жатарда халқымның амандығын тілеп жатамын. Арман – Алла мен адамның тіл қатысатын тұсы. Жер бетіне адам Алланың құдыретімен келеді, әмірімен жүреді...

**Роза Мұқанова:** Өткенде Қабдеш аға үйге келгенде: «Арамыздағы ең тазасы сен едің, сол тазалығыңда қалдың», – дегенде сіз еш жауап қатпадыңыз, қарап қана отырдыңыз, құптамадыңыз да, жауап та бермедіңіз...

**Әкім Тарази:** Енді оның көңіліне қарадым, шынын айту керек... Қалихан Әуезов театрында қызмет істеп жүрген кезі. Қалихан ақ көңіл адам еді ғой. Бәленшемен, түгеншемен ішіп келеді, ол үйге барғаннан кейін Әкімді жамандайды, «Кеше Есенжол Домбаевтің үйіне барып таң атқанша іштік «эй, сенің ішінді кептірдік», – деп өзі айтып келеді. «Жарайды Қалаға, басың ауырып отыр ғой ә», – деймін де, астынан 200 г. коньяк алдыртам. Оны Қалағам бөліп ішпейді, стаканға құяды да та тартып жібереді.

**Роза Мұқанова:** Сонда айтып келген адалдығына сүйсініп сыйлағаныңыз ғой?

**Әкім Тарази:** Иә, оның «жамандағаны» мені мақтағаны ғой. Қалихан көкем «жамандап» отырады да: «Ол оңбайды ол, сен ана шығармасын оқыдың ба, талант қой ол», - дейді. Сүйтіп отырып «жамандайды» ғой ол. Адал ғой адал...

**Роза Мұқанова:** Сыншыларға көңіліңіз тола ма? Сізге сын айтқан сыншылар болды ма?

**Әкім Тарази:** Сыншыларды адам ретінде сыйлаймын. Бірақ маман ретінде сыйламаймын.

**Роза Мұқанова:** 80 жылдардың аяғында бір мақаланызда: «Қазіргі сыншылардың мүйізі – киіз», - деген кездеріңіз де болды?

**Әкім Тарази:** Иә, әдебиетті сынау үшін сен сәл де болса жазушыдан биік болуың керек. Белинский Толстойды, Гогольды, Чеховті сынады, аналар шамданды. Бәрі бір соңында Белинскийдің айтқанына көнеді. Белинскийді ұрамыз, атып өлтіреміз деген «достары» да болды...

**Роза Мұқанова:** Бізде жазушының тобығынан келмей жатып сын айтатындар да бар ғой.

**Әкім Тарази:** Бар. Оқып отырып күлесің, «бір жеріне қарамай ма екен» дейсің... Өмірде менің беделім жазушы ретінде өсті. Алғаш «Үлкен ауыл» деген шағын ғана романым (өзім ұялып повесть деп қойдым) шыққанда мақтаушы да, даттаушы да көп болды. Кекетті, мұқатты. Мен жаққа шығып, қолдап сөйлегендер де болды. Екінші, үшінші романдарымнан кейін сын азайды. Осы барыста мен өзімді өте жақсы ұстадым. Ешкіммен боқтаспадым, төбелеспедім. Еңбегіммен, шығармаларыммен жеңдім.

**Роза Мұқанова:** Өткенде Дулат Исабеков жиналысқа сіздің драматургияға сіңірген еңбегіңіз жөнінде: «Әкім Мәскеуге барғанда театр сыншылары, режиссерлері алдынан шығып керемет қарсы алатын, қызығатынбыз. Сол үрдіс біздің драматургияға келуімізге, пьеса жазуымызға деген қызығушылығымызды оятты», - деді. Сөйте тұра сіздің сыртта қойылған пьесаларыңызды Қазақстанның Мәдениет министрі жаптырып, репертуарларыңызды жұлып алып тастаған кездер болған екен.

**Әкім Тарази:** Болды. Менімен бірге аға деп, іні деп жүріп сатып жүргендер болды. Мен оларға өшіккен жоқпын. Адам ретінде, сыйласу ретінде мен оларды кендігіммен жеңдім, бәрі бір. Өштесіп, боқтасам – ол менің жеңілгенім. Мен өз құнымды білем ғой. Алматы да ҚазҰУ-де сабақ беріп жүр едім, бір ғылым кандидаты қолтығыма бір газетті қыса салып жүгіре жөнелді. «Мынаған жын көрінді ме?», - деп өзім аңтарылып қалдым. Асықпай кабинетке кіріп қарасам, газеттің тұтас екі бетіне «Сумашедший бред Акима Тарази» деген мақала тұр, авторы – өзімнің досым. Оқып шықтым да қойдым, ашуланғам жоқ. Күндердің күнінде екеуміз бірге Қырғызстанға бардық, ол ойлапты: «Мені ұрады», – деп. Күліп жіберіп едім: «Ты меня извини», – деді.

**Роза Мұқанова:** Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары: «Қазақ ел бола алмайды, мемлекет болып, тәуелсіз ел болып тұра алмайды, қазаққа шекара не керек, әр столбыға бір бір адамнан қойса да саны жетпейді оған», – деген достарыңыз да болды. Оған өз кезінде ақпарат құралдары



арқылы өз ойыңызды айттыңыз, жауларыңыз да, жеккөрушілеріңіз де көбейді. Бірақ өз ойыңыздан айныған жоқсыз, әлі де сол ұстанымдасыз.

**Әкім Тарази:** Сол «қазақ ел болмайды» деген жігіттер кейін кешірім сұрады менен. Ол – менің жеңісім. Атын атап керегі жоқ...

**Роза Мұқанова:** Жақсы адамсыз ба?

**Әкім Тарази:** Жақсымын деп айтпаймын. Бірақ жаман емес екенімді білемін. (күлді)

**Роза Мұқанова:** Өткенде сексеннен асып қалған, өмір бойы мемлекеттік қызметте істеген бір қайраткер ағамыз «Өзіңізді қанша пайыз жақсы адаммын деп бағалайсыз?», – деген сұраққа: «100 пайыз!», – деп жауап берді. Сіз ше?

**Әкім Тарази:** Көңіл-күйіме байланысты. Кейде жеріне жеткізе істей алмаған, көңілім толмаған жұмысымды көріп, өзімді 90 пайызға дейін ұрсып алам. Бірақ, бәрін жиып есептеп келгенде өзім туралы пікірім жаман емес. Жазушы ретінде мен өз шығармаларымды қазақ әдебиетінің ең бір белесі деп санаймын. Мақтанғаным емес. Құнын білем. Ол шығармаларымның болашақта оқылатынын білем. 13 пьесам бар, келешекте қойылатынын білем. Сен драматург болмай тұрғанда, пьесаларым Қазақстанда 20-30 театрда жүріп жатты. Сен драма жаза бастағасын, мен ақырын-ақырын өзім алдырып тастадым. Себебі, біз өсекке қалатын едік.

**Роза Мұқанова:** «Екеуінің шығармасы бір репертуарда неге бірдей тұрады!», – деп алдырып тастаған кезі де болды. Бірақ сіздің Қуанышбаев театрында қойылған «Үкілі жұлдыз» пьесаныз өте актуальды еді. Көрермені де көп, елдің ықыласы да биік еді. Менің «Сарра» деген пьесам шығар кезде алдырып тастады. Меніңше, бұл қиянат секілді.

**Әкім Тарази:** Мен ризамын оларға. Олар – екеуіміздің намысымызды ойлап отырған адамдар. Екеуіміз қатар шықсақ: «Немене, Тарази мен Мұқановадан басқа адам жоқ па?», – деп айтады. Ал сен жалғыз шықсаң ешкім ештеңе дей алмайды.

**Роза Мұқанова:** Бұл «қазақылық» қой. Осы қазақылық дұрыс деп ойлайсыз ба?

**Әкім Тарази:** Қазақтың жақсы бір мінезі деп ойлаймын. Қойылады. Менікі талай қойылды ғой. Барлық пьесам Қазақстанның барлық театрында қойылып шықты. Мәскеуде қоюға дайындап жатқан кезде Одақ тарап кетті...

**Роза Мұқанова:** Мен бәрібір келіспес едім. Екеуінің пьесасы қатар тұрмау керек деген қайдан шыққан заң ол...

**Әкім Тарази:** Егер біз ағылшын болсақ, орыс болсақ ешкім ештеңе демес еді. Біз қазақпыз.

**Роза Мұқанова:** Қазақ болғандықтан жапа шеге беруіміз керек пе!?

\* \* \*

... Бізде әдебиет бар. Мәселен, қазіргі Маркестің деңгейіне Мағжан, Жүсіпбек өздерінің әңгімелерімен 20-жылдары-ақ көтерілген болатын. Әдебиеттанудың үніле зерттейтін объектісінің бірі де осы болу керек ...

\* \* \*

Әдебиет – ол темір қорытқанда содан түсетін құрыш. Оған уақыт керек. Жазушы ең алдымен суреткер, одан кейін философ, психолог, музыкант, суретші, әнші, актер, керек десеңіз, ол – драматург. Осының бәрін қосқанда жазушы деген ұғым туады.

\* \* \*

Әдебиет деген қасиетті ғимарат бар. Оған құдай берген дарыны барлар да кіреді, «ел неге кіріп жатыр екен?» деп әуестенген «аузының салымы барлар» да кіреді... Дарыны барлар бойымдағы құдай берген асыл қазынамды халқыма сарқа берейін деп кіреді, аузының салымы барлар нәпақа терейін деп кіреді...

\* \* \*

Алғашқы кітабым «Құйрықты жұлдыз» шыққанда шығармаларымды балаларымнан артық көрдім.

\* \* \*

Мен өзімді ешқашан аяған емеспін. Кезінде жыртып тастаған шығармаларым да болды. Оған өкінбеймін де. Бастысы – мен өз шығармаларыма басқа кісінің көзімен қарай алдым.

\* \* \*

Театрға тазалық керек. Театрға келген адам аяғын ғана сүртпей, жанын тазартып кіруі керек.

\* \* \*

Менің миымда өз экраным бар. Кейіпкердің бейнесі, түр-түсін, қимыл-әрекетінің барлығын экраным арқылы көріп отырамын. Сол экраннан қағазға түсіремін.

\* \* \*

